

«SDU University» мекемесі
Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті
Тілдік білім беру кафедрасы



Бекітемін

Педагогика және гуманитарлық
ғылымдар факультетінің деканы,
PhD, қауымд. профессор

Ж. Дүйсебекова
2025

Магистрант:

Бағдатқызы Сымбат

Білім беру бағдарламасы:

7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы:

Грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы
оқу-танымдық құзыреттілікті арттырудың
әдістемесі (7-8 сыныптар)

Университет бұйрығымен бекітілген.

Диссертацияны аяқтау мерзімі:

30

мамыр

2025 жыл

«SDU University» мекемесі
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТИ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
Тілдік білім беру кафедрасының меңгерушісі
А.Ногайбаева
маусым



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Орындаған:

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2- курс магистранты

Б.С.Д.

С. Бағдатқызы

Ғылыми жетекші:

п.ғ.к., СДУ профессоры

Ш.Л.Ерхожина

Ш.Л.Ерхожина

Қаскелең, 2025

SDU УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
Тілдік білім беру кафедрасының жетекшісі
_____ А.Ногайбаева
«_____» _____

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Орындаған:

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2- курс магистранты

Магистранттың қолы

Багдатқызы Сымбат

Ғылыми жетекші:

п.ғ.к., СДУ профессоры

Жетекшінің қолы

Ш.Л.Ерхожина

Қаскелең, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	6
1.1 Оқу-танымдық құзіреттілікті арттырудағы психологиялық үдерістер.....	6
1.2 7-8 сыныптарда қазақ тілін оқытудың грамматикалық мәселелері.....	18
1.3 Грамматикалық материалдарды меңгертудегі оқу-танымдық құзіреттілікті арттырудың дидактикасы.....	29
2 ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ.....	36
2.1 Оқу-танымдық құзіреттілікті дамытудың ұстанымдары.....	36
2.2 7-8 сынып қазақ тілін оқытуға арналған тапсырмалар жүйесі.....	43
2.3 Оқу-танымдық құзіреттілікті арттыруға бағытталған эксперименттер нәтижесі.....	55
ҚОРЫТЫНДЫ.....	57
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	59
ҚОСЫМШАЛАР.....	63

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар мұғалім қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Құзіреттілік қалыптастыру дегеніміз – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Қазақ тілін оқыту - қызық да қиын. Әрбір пәнді заман талабымен сай өз деңгейінде игерте білу , қай уақытта болмасын, ең маңызды мәселе болып қалғаны анық. “Сабақ беру тек қана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер” деп Ж.Аймауытов айтқандай қазіргі оқыту саласында әртүрлі жаңа әдістерді қолдану тәжірибеге салынып, нәтижесін беруде. Осы орайда, қазақ тілі сабағында білім алушылардың оқу-танымдық құзіретін арттыруды ұйымдастыруда жаңашыл әдістердің алатын маңыздылығы жоғары болмақ.

Зерттеудің өзектілігі. Әлемдік жаһандану үдерісі адамзаттың күнделікті өміріне ғана емес, білім беру саласына да айтарлықтай өзгеріс енгізді. Күнделікті өмірде пайдаланылатын әлеуметтік желілер, гаджеттер тиімді пайдаланбаған жағдайда - оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігінің төмендеуіне алып келуде. Бүгінгі буын өкілдерінің ойлау жүйесі мен ақпаратты қабылдау ерекшелігі алдыңғы буын өкілдерінен әлдеқайда бөлек екенін мойындаған жөн. Олардың психологиялық дамуы, ақпаратты қабылдау және синтездеуі ақпараттық технологиялар ағымына сай.

Оқу-танымдық құзіреттілік- оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық үрдісін қамтамасыз ететін кешенді құзіреттілік. Бұл құзіреттілік өзінің білімді қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді ізденушілік, зерттеушілік әрекет дағдыларын, талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады. Оқушының оқу материалдарын қабылдауын жеңілдету үшін және олардың интеллектуалдық шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін арттыру үшін оқу үрдісіне білім беру технологиясының оптималды жолын табу қажет. Қазіргі білім беру жүйесіндегі озық технология мен әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану оқушының танымдық және ақыл-ой белсенділігін арттырады. Жаңашыл әдістерді қолдану және оқушылардың оқу-танымдық құзіретін дамытудың маңыздылығы оның жан-жақты дамыған жеке тұлғаның тәрбиеленуіне және болашақ еліміздің қажетін толықтырар азаматтың қалыптасына ықпал ететіні. Сондықтан, біздің тақырыбымыздың өзектілігіне-қазақ тілі пәнін оқытуды жаңа деңгейге шығару деп түйіндейміз.

Зерттеу нысаны: Грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттыру

Зертту болжамы: Грамматикалық материалдарды меңгертуде оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-

танымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік жүйе қолданылса, онда оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығы артып, тілдік құзыреттілігі мен оқу-танымдық белсенділігі жоғарылайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға бағытталған тапсырмалар құрастыру, әдістемесін ұсыну

Зерттеу жұмысының міндеттері: Грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға бағытталған тапсырмалар құрастыру, әдістемесін ұсыну үшін магистрлік диссертация міндеттері айқындалды :

- 7-8 сынып оқушыларының оқу танымдық құзыреттілігін арттырудағы психологиялық үдерістерді анықтау;
- 7-8 сыныптың қазақ тіліндегі оқыту барысындағы лингвистикалық мәселелерді саралау;
- 7-8 сынып қазақ тілін оқыту дидактикасын жүйелеу;
- Грамматиканы меңгертуге бағытталған танымдық тапсырмаларды әзірлеу;
- Оқу танымдық құзыреттілікті арттыруға негізделген нәтижелік эксперимент және әдістемесін ұсыну.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- қазақ тілі пәнін 7-8 сыныптарда грамматикалық материалды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзыреттілікті арттырудың жолдары анықталды;
- 7-8 сыныптардың деңгейіне сай оқыту әдістері жүйеленді;
- 7-8 сынып оқушыларының жас ерекшелігіне грамматикалық материалды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға бағытталған тапсырмалар құрастырылды;
- 7-8 сыныптарда қазақ тілі пәнін сандық сервистер арқылы оқытудың әдістемесі ұсынылды;

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы: жалпы білім беру стандарттарына сай білім беретін мектептердің 7-8 сынып қазақ тілі пәні мұғалімдеріне, жас мамандарға пайдалы деп танылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- зерттеу барысында грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін арттыру мәселесіне қатысты теориялық және әдістемелік негіздер жүйеленіп, олардың мазмұндық құрылымы айқындалды;
- оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда грамматикалық материалдардың мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес тиімді әдіс-тәсілдер мен педагогикалық ұстанымдар айқындалды;
- зерттеу нәтижелері негізінде оқу үрдісінде қолдануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, оларды жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі сабағында тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері анықталды;
- оқу үдерісінде грамматикалық білім негізінде құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздерін

айқындап, теориялық тұрғыда дәйектеуде педагогика саласының іргелі ғалымдарының зерттеулері, олардың тұлға қалыптастырудағы өзіндік үлесі дәйектелген монографиялық еңбектері, халық педагогикасындағы жетекші ұстанымдар мен оқытудың жаңаша идеялары басшылыққа алынды. Атап айтатын болсақ, Ы.Алтынсарин [2], А.Байтұрсынов [3], М.Жұмабаев [4], Ж.Аймауытов [5], Махмутов М.И [6], Сухомлинский В.А [7], Тұрғынбаева Б. [8], Выготский [9] , Эльконин Д.Б. [10] , Қалиев.Ғ [11], Исаев. С [12], Қосымова. Г [13], Дәулетбекова. Ж. [14], Ерхожина Ш.Л. [15] Оразахынова. Н [16], Рахметова С. [17], Қазыбаев С. [18], Арғынов Х. [19], Әбілқасымов. А [20], Оразбаева.Ф [21], Әлімжанов.Д [22], Маманов.Ы [23], Жиенбаев.С [24], Таубаева Ш.Т [25], Исабаев О. [26] т.б. зерттеулеріндегі басшылыққа алынған әдіс-тәсілдерінен үйрендік.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектерді талдау, зерделеу, сараптау мен талдап-қорыту, озық іс-тәжірибелерді пайдалану, салыстыру, жүйелеу, бақылау, жаттығу т.б. әдістері қолданылды.

Зерттеудің байқаудан, сыннан өтуі, тәжірибеге енгізілуі. Магистрлік диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнының тұжырымдары республикалық журналда мақала түрінде жарияланып, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда тыңдалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспе, негізгі екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

1.1 Оқу-танымдық құзыреттілікті арттырудың психологиялық аспектісі

Құзыреттілік тұрғысынан білім беру жүйесіне қарау мәселесі соңғы он жылдықта Қазақстанның білім беру саласында жаңашыл бағыт ретінде қарастырылуда. Отандық зерттеушілер халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, оқу бағдарламасының мазмұнын жаңартудың маңыздылығын өзекті тақырып ретінде алға тартты. Бұл қажеттіліктің негізгі себебі – еліміздегі білім беру жүйесінің Болон үдерісіне қосылуы және соның нәтижесінде жаһандық өзгерістерге бейімделу талабы. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2020-2025 жылдарға дейінгі дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» мектептердің кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өту негізінен білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау деп белгіленген. «Құзыреттілікке бағытталған Жалпы орта білім беру стандартында орта білім беру мақсаты- білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастыру арқылы олардың танымдық қабілеттерін, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ету», - деп сипатталған [1].

Заманауи қоғамның қарқынды өзгерістеріне сай, жастардың бәсекеге қабілеттілігі, шығармашылық потенциалы мен әлеуметтік адаптациясы оқу-танымдық құзыреттілігіне тікелей байланысты. Оқушылардың ақпаратты игеру, талдау және қолдану қабілеттерін дамыту, сондай-ақ олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру — білім беру процесінің негізгі мақсаттарының бірі. Танымдық құзыреттілік оқушылардың өз бетінше білім алуына, жаңа ақпаратты өңдеуіне және өмірлік дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді. Аталған құзыреттілік түрін тереңірек зерттегенде, оның негізгі құрамдас бөлігі – «оқу», «таным» және «құзыреттілік» ұғымдарынан тұратыны анықталды.

Оқу – адамның когнитивті қабілеттерін дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылады және ол ақпаратты қабылдау, өңдеу, жүйелеу және оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қамтиды. Оқу барысында білім алушы жаңа ақпаратты игеріп, есте сақтап қана қоймай, оны талдап, белгілі бір мақсатқа сай қолдануға қабілетті болуы тиіс.

Таным – адамның объективті шындықты бейнелеп, түсіну және игеру процесі. Бұл адам санасының ақиқатқа жету жолындағы негізгі құралы және ол сезімдік қабылдау, пайымдау, ойлау сияқты танымдық процестерден тұрады.

Құзыреттілік – білім алушылардың өз білімін тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл процесс кәсіби даму мен жеке өсу үшін өте маңызды, себебі ол

оқушылардың өзін-өзі бағалау және сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Оқу-танымдық құзыреттілік, осы екі ұғымның үйлесімінен, адамның білім алуы мен қоршаған әлемді тану қабілетінің біртұтас құрылымын көрсетеді. Оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін белсендірудің маңыздылығы Я.А.Коменский, И.К.Песталоций, А.Дистербег, Н.Г.Чернышевскийдің және т.б. еңбектерінде терең зерделенеді. Н.А.Половникова: «Оқу-танымдық іс-әрекеттің мәні – мектеп оқушысының білімді игеруде өз күшімен талаптануы» [2] - дейді.

Ал М.И.Махмутов: «Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өз бетінше ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті» [3],- деп қарастырған. Яғни, бүгінгі таңдағы ғұмыр бойы білім алу (life-long learning) формациясына сай білім алушының тек ақпаратты меңгеру қабілетін ғана емес, өз бетінше ізденіп, оны сыни тұрғыдан талдай білу, жаңа білімді шығармашылықпен қолдану және практикалық міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтиды.

Оқыту үдерісін құзіреттілікке бағыттай отырып жүргізу – еліміздің әлемдік үлгінің озық тәжірибесіне сай білім беруге енгізген жаңа бетбұрысы болды. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесін реформалау үдерісінде қазақстандық білім беруде құзыреттілікке негізделген тәсіл айқындалып, білім алушылар игеруі тиіс негізгі құзыреттіліктердің тізімі әзірленді [4, 62б.].

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

– бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

– мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

– оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

– коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

– ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

– әлеуметтік – еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік – қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

– тұлғалық өзін – өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Әдістемеші ғалымдардың тұжырымдауынша, құзыреттілік ұғымы шығармашылық қабілеттердің (креативтілік), білімге деген қызығушылықтың (зерттеушілік көзқарас), коммуникативтіліктің (әлеуметтік дағдылар), оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктер мен жауапкершіліктің үйлесуі

арқылы көрініс табады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, құзыреттілік – білім алушының тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері арқылы көрініс табады.

Танымдық белсенділікті дамыту мәселесі Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.П. Усова және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде педагогикалық тұрғыдан қарастырылған. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде баланың қоршаған ортамен және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттестігі көпқырлы екенін атап өтіп, танымдық белсенділікті ерте жастан дамыту қажеттігін негіздеді. Мұндай тұжырымдарға жақын келетін және оқу-танымдық құзыреттілік мәнін аша түсетін ойларды ғалым А.Жанабилованың зерттеу еңбегінен кездестіруге болады. Оның «Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы» атты зерттеуі шығармашылықтың әдіс-тәсілдері мен технологиясы арқылы тіл сабақтарында оқушының оқу-тану әрекеттерін тиімді ұштастыру жолдарын ұсынуда бірден-бір маңызды еңбек болып саналады. Жоғарыда айтылған шет ел ғалымдарымен үндесетін ой ретінде оқу-таным әрекетінің басты белгілерін анықтаған ғалым: «нәтижеге әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жету; ешкімнің жетелеуінсіз өз беттерімен іс-әрекет жасау», [5] – деп нақтылай отырып, оқу-таным үдерісін жүзеге асырудағы оқушы әрекеті мен мұғалімнің әрекетін анықтап береді.

И. Бургун оқу-танымдық құзыреттілікті оқушының интеграцияланған қабілеті ретінде анықтайды, ол өз бетінше оқу-танымдық әрекеттерді орындау қабілетінде көрініс табады. Бұл әрекеттер практикалық-бағдарланған мәселелерді (тұрмыстық, кәсіби) шешуге бағытталған және студенттің психологиялық, теориялық және практикалық дайындығымен қамтамасыз етіледі. Мұның барлығы оқу әрекетін қалыптастыру және ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі күні құзыреттілік деп танылып жүрген педагогикалық ұғымды белгілі бір іске икемділік, құзырлылық, қабілеттілік деген түсініктермен де ұштастыруға болады. Ғалым М. Мұқанов өзінің «Қабілеттілік және оны тәрбиелеу» атты ғылыми еңбегінде: «Егер адам өз әдетінде ұшыраған кемістік жақтарымен күресе білсе, егер ол өзін тиісті бағытта мықты ұстай алса ғана түрлі іске қабілетті болмақ», [6] – деген пікір білдіреді. Бұл анықтама орыс тіліндегі «компетентность» ұғымының мәніне жақын келеді, яғни адамның белгілі бір істе өзін кәсіби тұрғыда білікті ұстауы, белгілі бір бағытта сапалы жұмыс жасауы. Ғалым қабілеттілік туа пайда болады деу реакцияшыл пікірдің бірі саналатынын айта келіп, қабілеттілік баланың өскен ортасына, алған біліміне де байланысты екенін алға тартады. Яғни, құзырлылықты, қабілеттілікті тек туа біткен қасиет қана емес, оны жақсы бағытпен тәрбиелеу арқылы жетілдіруге түсуге болатын тұлғалық компонент екенін айтады.


Тілдік білім алу аясында пән бойынша берілген теориялық білім тәжірибе арқылы бекітілуі, яғни әскерлік пен дағдыға айналуы тиіс. Дағдыға, іскерлікке айналмаған білім тез ұмытылады. Ал дағды мен іскерлік – психологиялық ұғым. Дағды дегеніміз – адамның әрекетті орындау процесінде жасалатын әрекеттің бекітілген бөліктері. Дағдылар жаттығу арқылы қалыптасады. Дағды іс-әрекет процесінде оған бағынышты құрылым ретінде

қалыптасады [7]. Бұл ретте құзыреттілік ұғымын қарастырғанда қабілеттілік, іскерлік, дағды ұғымдары өзара байланыста қарастырылатыны айқындалады. Себебі, оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізгі компоненттері осы дағды мен іскерлікті қалыптасуында көрініс табады.

Зерттеушілердің ортақ көзқарасы бойынша, танымдық құзыреттілік – танымдық процестердің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде психикалық күйдің өзгеріске ұшырайтын ерекше психологиялық феномені. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, танымдық құзыреттілік психикалық үдерістердің, соның ішінде танымдық, эмоционалдық-сезімдік және ерік-жігер механизмдерінің жетілуі мен жаңа психикалық құрылымдардың қалыптасуынан тұрады.

Құзіреттілік – адам санасында қалыптасқан белгілі бір білімдер жинағы мен тұлғаның сол білімді практикада тиімді пайдалана білу қабілеті. Білімді меңгеру және қолданысқа енгізу – қайталаулар, яғни алынған білімді автоматтандыру, әдетке айналдыру арқылы жүзеге асатын процесс. Бұл жөнінде хакім Абайдың отыз бірінші қара сөзінде келтірілген: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек...» [8, 77б.] деген қағидасын еске аламыз. Ендеше, оқу-танымдық құзіреттілігі жоғарыда айтылғандай, адамның есте сақтау, қабылдау, ассоциация үдерістерімен тығыз байланыстылығын аңғарамыз. Ендеше, мақаланың негізгі бөлімінде осы үдерісті жеделдету мен оқу-таным құзіреттілігін арттырудың психологиялық тұстарын қарастырамыз.

Білімді меңгеру ұзақ уақытты қажет ететін күрделі үдеріс. Оқу-танымдық құзіреттіліктің психологиялық аспектісін адам санасындағы таным және қабылдау үдерістерімен байланысты қарастыратын боламыз.



Сурет 1 - Оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздерін талдаудың сатылары

Таным дегеніміз сыртқы құбылыстардың адам санасында бейнеленуі болса, танымның мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі. Танымдық белсенділік – оқушының іс-әрекетіндегі, оқу-тәрбие үдерісінде тұлға іс-әрекетінің сипаттамасы. Психологияда белсенділікті классик педагогтер іс-әрекетке жатқызады. Демек сана мен іс-әрекеттің тұтастығы адам танымының белсенді күші ретінде ғылымның басты заңдылықтарынан орын алады. Таным туралы түсінік берілгенде, психологиялық *қабылдау* құбылысының да сөз болуы заңды. *Қабылдау* дегеніміз – заттар мен құбылыстардың санамызда тұтастай бейнеленуі.

Қабылдау – көру, есту, сезіну арқылы жүзеге асады. Психологтардың пайымдауынша, ақпарат қабылдауда адамдарды шартты түрде –аудиалды, визуалды, кинестикалық деп 3-ке бөлінеді. Қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми әрі көркемдік тұрғыдан дамуына үлес қосқан Ж.Аймауытов өзінің «Психология» еңбегінде қабылдаудың типтеріне қатысты дәл сипаттамалар береді: « Мидың қасиеті әркімде әртүрлі. Кей біреудің миындағы көру кіндігі көбірек қозады, көбірек қызмет істейді; мұндай адамдарды көз жады күшті көргіш кейіпкер деуге болады. Кейбіреуінде есту кіндігі көбірек қозады; бұларды құйма құлақ кейіпкер (тип) десе жарайды; үшіншілердің сөйлеу кіндігі көбірек қызмет етеді, төртіншілердің қол қозғалысы кіндіктері, қай біреудің барлық кіндіктері бірдей қызмет етеді, соңғы аралас, жалпы кейіпкер болады», [9, 130б.] –деп нақтылайды. Яғни, педагогика саласында қабылдау каналдары ретінде қарастырылып жүрген бұл типтерді қазақ зерттеушілері ХХ

Визуалды адам ақпаратты көзімен қабылдайды. Сондықтан да ақпаратты визуалды бейнелерде, "суреттерде" өңдейді және сақтайды. Олардың назары табиғи түрде таныс объектілердің айрықша белгілеріне аударылады, олар тез түсінеді және қозғалыс, түс, пішін және өлшем сияқты сипаттамаларды есте сақтайды. Оларға суреттерді құрастырған ұнайды және ертегінің өзін тыңдаудан гөрі иллюстрациясына қараған қызықты. Білім алушының қабылдау ерекшелігіне байланысты ақпаратты есте сақтау аралас түрде, бірнеше каналдар арқылы жүруі мүмкін. Мысалы, визуалды әрі аудиалды түрде.

Аудиал – жақсы тыңдаушы, есте сақтауы жоғары адамдар. Олар ән айтқанды, өлең айтқанды, көптеген сұрақтар қойғанды, дұрыс және жақсы сөйлегенді ұнатады. Олар оқуға ерте қызығушылық танытады, дауыстап оқиды және мұғалім нұсқауларын оңай есте сақтайды. Нәтижесінде аудиалдар сөйлеуді дамыту және грамматикалық тақырыптарды меңгерту сабақтарында жақсы нәтиже көрсетеді. Аудиалдар дыбыстарға оңай алаңдайды, дегенмен естіген ақпаратты оңай есте сақтайды. Сүйемелдеу стратегиясы: аудиалды оқыту кезінде ақпаратты құлаққа қабылдауға баса назар аударылады (интонацияға, әуенділікке, дауыс тембріне және т.б. ерекше назар аудара отырып). Аудиалдар лингафондық жүйені және дәрістік оқыту әдістерін пайдаланған кезде ақпаратты әлдеқайда жақсы қабылдайды. Ақпаратты қабылдаудың аудиалды әдісі бар оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген ынтасын қалыптастыру үшін танымдық іс-әрекетке баса назар аудару керек, өйткені олар білімді игеру үдерісіне тез тартылады. Олар үшін бағалау емес, білім алу үдерісінің өзі маңыздырақ.

Қабылдаудың *кинестетикалық* түріне жататындар – иіс сезу, жанасу, ұстау арқылы қабылдайтындар. Бұл типтегі оқушылар практикалық іс-әрекет кезінде - иллюстрациялар, зертханалық немесе практикалық жұмыстарды орындауда ақпаратты жақсы қабылдайды. Ақпаратты алудың бұл әдісі жоғары дамыған моториканы, үлкен бұлшық еттердің белсенділігін білдіреді - иық, қол, аяқ, және т.б. Сабақ үстінде белсенді ойындарды жақсы көреді. Сабақ басталғанда психологиялық ахуал қалыптастыру кезеңінде көңілді ойындар,тренингтер ұйымдастырып отырса, оқушылардың сабаққа деген

ынтасы артатыны сөзсіз. Ойынның баланың дамуындағы зор рөлін әр кезеңде қайраткерлер мен педагогтар атап айтқан. Ойын кезінде балалардың алдында әлем, дүниенің айқындалатынын және жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің ашылатынын В.А. Сухомлинский айта келіп, ойынсыз толық мәнді ақыл-ойдың дамуы болмайтындығын және болуы да мүмкін еместігін айтады. Оқытудың ойын формасы - соңғы жылдардағы педагогикалық жаңалықтардың ішіндегі қолайлыларының бірі. Себебі оқушы ғана емес, жалпы адам үшін ойын - белсенділікпен, өзін көрсетуге, үйренуге әсер етеді. «Ойын өзінің тек мазмұнымен де балаларды бірден жаңа бір өлшемге шығарып, жаңа психологиялық жағдайға әкеледі» [10]. Бұл балалар тест тапсырмаларын тез орындайды. Зейіннің ерекшеліктері: зейінін әрең шоғырландырады және жан-жағына алаңдап отырады. Есте сақтау ерекшеліктері: қозғалу кезінде, қолмен жұмыс жасағанда жақсы есте сақтайды. Сүйемелдеу стратегиясы: кинестетикалық балалармен жұмыс істеу кезінде бірінші орында қозғалыс белсенділігі болуы керек, яғни балалардың кабинет ішінде еркін қозғалуына жағдай жасау қажет. Сабақтарда оларды ұзақ уақыт қозғалыссыз отыруға мәжбүрлеуге болмайды: оларға белсенділікке бағытталған тапсырмалар беру керек.

Кеңістіктегі ақпараттарды қабылдаудан кейін *ойлау* жүзеге асырылады. Қазақтың алғашқы психологтарының бірі ғалым Мұқанұлы Мәжит Мұқановтың ғылыми еңбектері құндылығымен, адам психологиясының бүкіл ерекшелігін ашу және оны әрбір адам санасына түсінікті жеткізуде өте маңызды. Ғалым «ой» дегеніміз белгілі бір мәселені шешу кезінде кездесетін психологиялық үрдіс екенін, ал интеллект сол ойдың жемісі екендігін айтады. Оған әр адамның қиял ұшқырлығы мен қабілеті, ептілігінің жататынын айта келіп: «Осындай процесстер мен қабілеттер жиынтығын ақыл деп атаймыз. Ой мен ақыл адамның ең жоғарғы психологиялық қасиеттері болып саналады. Психологиядағы осындай күрделі қасиеттер мен қабылдау мен ес және олардың тікелей жүзеге асырылу процестерінің негізінде дамып отырмақ» [11,бб.]. Яғни, ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы, ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Оқыту технологияларының тиімді түрі деп қарастырылатын дамыта оқыту технологиясында бұл екеуін бірлікте қарастыра отырып, оқушылардың теориялық білімі мен ойлау қабілетін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми және логикалық әдістерімен қаруландыруды көздейді. Психологияда ойлау табиғат пен қоғамдағы объективті күштердің мәнін ашатын психологиялық үдеріс, адамның танымдық әрекетінің ең жоғарғы түрі деп түсіндіріледі.

Ойлау – субъектінің шығармашылық әрекеті барысында пайда болып, заттар мен құбылыстардың арасындағы мәнді байланыстар мен қатынастарды табу, тану кезінде жүзеге асатын танымдық әрекет [12, 391б.]. Шешілетін мәселе мен орындалатын іс-әрекеттердің ерекшелігіне байланысты келесідей ойлау түрлері ажыратылады: алгоритмдік, дискурсив, эвристикалық және шығармашыл ойлау.

- алгоритмдік ойлау – типтік мәселелерді шешуге қажет алдын ала белгіленген ережелерге, әрекеттердің қалыпты бірізділігіне орайласқан ойлау түрі.
- дискурсив ойлау – өзара байланысты ұғымдар жүйесіне негізделген ой әрекет түрі.
- шығармашыл ойлау – соны жаңалықтар ашуға, түбегейлі жаңа нәтижелерге қол жеткізетін ой қызметі.
- эвристикалық ойлау – қалыптан тыс мәселе, міндеттердің шешімін табуға бағытталған өнімді ойлау процесі .

Қабылдау – адам санасындағы мәліметті бекітудің бір қыры болса, оқушының санасында қалыптасқан білім қорын тиімді пайдалануды ұйымдастыратын оқу-танымдық құзіреттіліктің негіздерін қарастырайық. Білім беру саласында қызмет етіп жүрген ғалымдар мен зерттеушілер тіл сабақтарында оқу-танымдық құзыреттің қалыптасуы – сабақта жасалатын жағдайларға, оқу бағдарламасындағы материалдың, балаға берілетін ақпараттың сапасы мен санына, оған қоса оқытылып жатқан пәннің білім алушылар үшін қаншалықты қызықты екендігіне тікелей байланыстылығын ерекше атап өтеді.

Танымдық әрекет барысында сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге ұласқанымен, бұл деңгейге жету үшін баланың жеке тәжірибесіне негізделген белгілі бір білім қоры, яғни аялық білімі жинақталуы қажет. Аялық білім оқушының сөйлеу және ойлау қабілеті, сондай-ақ оқу процесінде көрсететін білім деңгейі арқылы анықталады.

Білім алушының оқу-танымдық әрекетінің дамуына себеп болатын негізгі баспалдақтардың бірі – сыни ойлау алу деңгейі. Сыни ойлау – қоршаған ортада, өмірде болып жатқан құбылыстарға не ақпараттарға талдау жасай білуде, өзіндік болжамдар құра алуда, шешімнің тың жолдарын жобалай білуде байқалады. Қазіргі кезде тұлғаның сыни көзқарасын қалыптастыру психология мен педагогика ғылымындағы басты бағыттардың бірі десек қателеспейміз. «Сыни ойлау» ұғымына берілген анықтамалар шет елдік ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Американдық профессор Дэвид Клустер - сыни ойлауды элеуметтік сипаттағы өзіндік ойлау деп қарастыра келіп, оның төрт жетекші компонентін атайды. Оның пікірінше, сыни ойлау сұрақ қою мен анықтау, сенімді дәлелдер келтіруге ұмтылыс [13,21б.]. Ол – «сыни тұрғыдан ойлауды қалай анықтауға болады» деген сұрақтың төңірегінде біршама тұшымды ой айтқан америка ғалымы. Ол үш пункттен тұратын анықтамасын ұсынады. «Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады» [14,109б.]. Яғни, ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бетінше жұмыс істеп, күрделі мәселені өздігінен шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек. Д.Клустер екінші пункт ретінде, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, керісінше бастапқы пункті екендігін айтады.

Сонымен қатар, терең ойлау үшін фактілер мен идеяларды, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген «шикізаттарды» өңдеу керек болатынын негізгі белгі ретінде ұстанады. Ал, үшінші пунктке: «Сыни тұрғыдан ойлау сұрақ қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар больш келеді. Егер біз жаңа бір нәрсені байқай қалсақ, оның не екенін білуге құмартамыз. Демек, сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің қиындығы оқушыларды айналамыздағы мәселелердің сан алуандығын түсінулеріне көмектесуден тұрады», [15] - деген ой тұжырымын жасайды. Бұл қазіргі заман талабына сай технологияларды тәжірибеде қолдануда көптеген мемлекеттерде мұғалімдер тарапынан қолдау тауып отырған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасының көрінісі болып отыр. Бұл жобаның авторлары Ч. Темпл, К.Мереди, Д.Стилл еңбектерінде сыни ойлау - ақпарат жинақтаудан басталып, өзіндік шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс ретінде қарастырылады. Бұл оқу-танымдық құзыреттілікті арттыру жолдарымен үндеседі. Себебі бұл құзыреттілік түрін дамыту барысында баланың өз бетінше мәліметті жинақтап, оны анализдеп, өз қажетіне жаратуына септігін тигізеді. Яғни, оқу-танымдық құзыреттілігі мен сыни ойлау әрекеті өзара ұштасатын үрдістер. Кез келген жаңа білім адамның ең алдымен қиялы арқылы бекітіледі, яғни біз оны елестетеміз, пайымдаймыз, содан кейін ғана ақпарат ұзақ-мерзімді жады қорына жіберіледі.

Қиял – адам санасында бұрынғы түзілген фактілерге қатысты жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретін құрал, яғни толықтырушы арна. Қиял арқылы адамның есінде сақталған қабылдау, ес бейнелері қайтадан өңделіп, сұрыпталып, жаңартылып, солардың негізінде мида жаңа бейнелер, ал келесі сатыда жаңа нейрондық байланыстар түзіледі. Қиял – ақпаратты жадыда берік сақтаудың, жалпы білім алудың құрамдас бөлігі. Ол жаңа дүниені ойлап, жасауда, оны жүзеге асыруда іске қосылады. Нәтижесінде бұрынғы қалыптасқан ассоциациялар мен бейнелер өзара бір-біріне қосылып, қайта проекция жасау арқылы оқытуда жаңа жолдар табуға көмектеседі. Қиял туралы көрнекті ақын, педагог, психолог Мағжан Жұмабаев өз зертеуінде оның жасалу жолдарын былай көрсетеді:

- заттардың өздерін, яки олардың бөлшектерін зорайту не кішірейтумен;
- әр заттың түрлі бөліктерін алып қосумен, мысалы адам басты, ат кеуделі, жылан құйрықты бір жануар болады-мыс деп қиял қылу сықылды;
- реті келгенде өздері де жиыла алатын көріністерді бір суретке жиюмен, түрлі адам мінездерін бір адамға жиюмен [16,90б.].

М.Жұмабаев адам өмірі үшін қиялдың маңыздылығына тоқталады. Адам ақылын кеңейтетіндігін, жаңалық ойлап табуға келетінін, қиялдың құлықты түзетуде де маңызды рөл атқаратынын айтады және баланың қиялын тәрбиелеу жолдарын анықтайды. Яғни, адам неғұрлым білімді, тәжірибелі болса, қиялының да сонша бай болатынын айқындап, сондықтан баланың қиялы терең, бай болуы үшін, оның біліміне ұқыптылықпен қарау керектігін сөз етеді. «Хиялды өркендетудің екінші жолы: баланы хиялды аса

керек қылатын ғылымдармен таныс қылу: әдебиет, тарих, жағрапия, жаратылыс сықылды», - дейді. Білім алуда, оқу-танымдық әрекетті тиімді етуде адамның ойлау, қиял әрекетінен бөлек адамның өзіндік даму ұмтылысы, тұлғалық мотиві – жеке инициативасы маңызды рөл атқарады.

Инициатива құзыреттіліктің екі негізгі өлшемі бойынша бағаланады: Джон Равеннің пікірінше, біріншіден, ол құзыреттіліктің болуын дәлелдейді, екіншіден, нақты жағдайларда оның көріну ерекшеліктерін сипаттайды [17,33б.]. Нақты жағдаяттарды шешу қалыптасқан жағдайдың жиынтығы мен оқушының әрекеттерінің үйлесімін білдіреді.

Инициатива баланың белсенділігі мен қызығушылығын айқындап, оның тәжірибе жинақтау үдерісі туралы ақпарат береді. Д. Равеннің тұжырымдауына, инициатива білім алушының әрекеттерін мақсатты әрі мағыналы ететін ішкі мотивацияның көрінісі [17,35б.]. Бұл мотивация баланың ішкі ресурстарын күшейтіп, сыртқы мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды, осылайша оның құзыреттілігін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ішкі мотивация инициативаны таңдаулы етеді, ал әрбір бала игерген түсініктері, әрекеттері және алынған нәтижелері арқылы өз тәжірибесін толықтырады.

Дж. Равеннің тұжырымдамасына сәйкес, құзыреттілік когнитивті (интеллектуалды-танымдық), еріктік және аффективті компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер оқушының әлеуметтік, когнитивті, ақпараттық және іс-әрекеттік құзыреттіліктерінің негізін құрайды [17, 38б.]. Нәтижесінде, баланың мінез-құлық және әрекет тәсілдері оның өзіндік тұлғалық көзқарасын, қоршаған ортаға деген қатынасын және оны тану тәсілдерін анықтайтын шешім қабылдау механизмдерінің негізін қалыптастырады.

Зерттеу жұмысында қарастырылып отырған мәселе оқу-танымдық құзыреттілікті арттыру тақырыбы болғандықтан, оны «даму» ұғымымен байланыста қарастырамыз. Көрнекті ғалым И.Я. Лернер «даму» деген адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы», [18]-деп түсіндіреді. Мұндай түсініктеме интеллектуалдық іс-әрекетті жоғарғы орынға шығарады. Адам шешетін мәселе қаншалықты күрделі болып келсе де, оны шешетін ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, ауқымды болып келетіндіктен, оның даму деңгейі де жоғарылай түсетіні белгілі.

«Даму» ұғымының анықтамасын оқушылардың таным әрекетімен байланыстырар болсақ, табиғат құбылыстары секілді баланың психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, баланың даму үдерісіне 3 түрлі фактордың ықпал ететіндігі белгілі болды. Ғалым Б. Тұрғынбаева өз еңбегінде оларды былайша көрсетеді:

1. Биологиялық фактор.

Бұл баланың ата-анадан ауысып, туа біте қалыптасқан және өмір сүре келе бойына қабылданған дене мүшелері жүйесі құбылысының ерекшелігін білдіретін, бала организмінің ортамен қарым-қатынасының нәтижесі.

2. Әлеуметтік фактор.

Бұл - баланың өмір сүретін адамдар ортасы. Бала мен адамдар арасындағы

қарым-қатынас сипаты. Мінез-құлық, ақыл-ой, олардың ой-пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары, ұмтылыс-характертері, яғни баланың өсіп жетілетін рухани ортасы.

3. Баланың өз белсенділігі.

Баланың дамуына әсер ететін үшінші күш болып саналады. Балаға берілетін білім жаңалығымен, ұстазы да ізденімпаз шеберлігінен биіктен көрінгенде ғана бала белсенділігі туындайды. Мұғалім тарапынан белсенділік баяу, селқос, ісі бірізді болса, іс пен еңбекке баланың қатынасуы біз ойлағандай нәтиже бермейді. Баланың жас өскін ретінде дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асып, өнімді көрсеткіш береді» [19,164б.]. Баланың даму үдерісі және оның қоғамымыздың болашақ білікті азаматы ретінде қалыптасуы осы үш фактордың қатысуымен қамтамасыз етіледі. Яғни, әрбір педагогикалық үдеріс нақты оқыту көлеміндегі факторлардан бөлек жеке тұлғалық факторларға да тәуелді екендігін аңғаруға болады.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға ғана қол жеткізу емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру», [20] - делінген. Ендеше, қоғам талабына сай кәсіби, жаңа формация тұлғасы болу заман талабы болып тұрғаны анық.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екендігін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде зерттеді. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, баланың дамуындағы оқытудың маңызын, алар орнын анықтаған көрнекті психолог - Л.С.Выготский. Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек үдеріс деген көзқарасты сынға алады. Ең алғаш бала дамуының екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынады.

1. Бала дамуының қол жеткен аймағы - баланың үлкендер көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы - баланың үлкендер көмегінсіз істей алатын істері [21,54б.].

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгерту арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметті өрістетуі мүмкін болады. Барлық автордың «даму» аясындағы ойлары оқыту барысында бала психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенді меңзейді.

Зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отырған 7-8 сынып оқушыларының жасөспірімдік психологиялық хал-ахуалының ерекшеліктеріне сай жеке «мені» қалыптасу негізінде тұлға сапасы және іс-әрекетіне есеп ретінде рефлексия қалыптасады. Рефлексия – тұлғаның өз ойларын, эмоционалдық күйін, әрекеттері мен қарым-қатынастарын сараптап, бағалап, әрі оларды тәжірибелік тұрғыда жетілдіру мен дамыту арқылы өзін қалыптастыруына мүмкіндік беретін ерекше адами қабілет ретінде қарастырылады. Ол іс-әрекеттің ішкі құрылымы ретінде көрініс тауып, инициативаға негізделген

әрекеттер барысында туындаған қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жаңа ақпарат іздеуде, жеке жетістіктерді бағалауда маңызды рөл атқарады. Яғни, субъект өзінің негізгі жағдайын, мақсаттарын және жеке әрекет тәсілдерін пәндік міндеттер мен мақсаттармен сәйкестендіру қабілетін танытады. Білім берудің философиясында «өзіндік» таным және өзіндік «мен» ұғымдары аталып өтіледі. Білімнің жаңа бағытында – адамның өзіндік «мен» құндылығы пайда болды. Бұдан басқа рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің іс-әрекеті мен ақылын өзінің бақылауы» деген ұғымға пара-пар. Н.В Кузьмина адам өзін-өзі тану әрекетке түсіру арқылы дамиды, жаңа бағыттарға бет алады деген ой білдіреді [22]. Бүгінгідей ақпарат ағымында білім алушы тұлға әртүрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, кері байланысты жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайтыны ескеріледі.

Қазақ тілі сабақтарында рефлексия бағыттарын ғалым Н.Ж. Құрман төмендегідей түсіндіреді: «Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесін зерттеудегі бағытымыз – рефлексияны аналитикалық қызметтің ерекше түрі деп тану. Бұл бағыт бойынша оқушының жеке адам ретіндегі жаңа білімді санасында құрастыру және сондай білім алуға жетелейтін жаңа тәсілдер мен қызмет түрлерін меңгеру процесі қарастырылып, қажетті заңдылықтар анықталады [23]

Мектептің міндеті – оқушыларға құндылықтар жүйесін дарыту барысында олардың бойындағы оқу-танымдық құзіреттілікті заман талабына сай қалыптастыру, сәйкесінше білім алушы мектеп қабырғасында ғылыми танымды қалыптастырады. Бұл ретте бала ғылыми ақпаратпен тиімді жұмыс жасауды үйренеді, оның ішінде анализ, синтез және алынған ақпаратты практика барысында жүзеге асыру қабілеттері артады.

Оқу-танымдық құзіреттілік терминін ашып қарастыратын болсақ. Ол оқу-таным – құзіреттілік ұғымдарының бірлігінен тұрады. Оқу – тұлғаның белгілі бір білімді не машықты игеруде жүзеге асыратын тәсілдер жиынтығы. Таным мәселесі жоғарыда толықтай қарастырылды. Құзіреттілік – білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасқан біліктері мен дағдылары. Құзіреттіліктің бұл түрін қалыптастыру үшін мұғалім оқу үдерісін баланың таным ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру арқылы ақпаратты жедел әрі сапалы қабылдауға жағдай жасауы қажет. Келесі кезең – меңгерілген теориялық білімді оқушының практикалық тұрғыда пайдалана алу қабілетін арттыру. Бұл ретте оқытушы тек бағыттаушы қызметін атқарады да, барлық ғылыми және шығармашылық жүктеме оқушының тарапынан іске асырылады. Білімгер өз бетімен ізденуге талпыныс жасауы арқылы ақпаратты анализ жасап, синтездеп, оны белгілі бір деңгейдегі өнімге айналдыру сатысына өтеді. Қазіргі таңда заманауи педагогтер қатарында жиі қолданылатын инновациялық технологияларды пайдалана отырып, білім беруді продуктивті ұйымдастыру тәсілі де бұл ретте тиімді деп танылады. Мәселен, визуал оқушылар қабылдауына ықпал ету үшін интерактивті тақта көмегімен

қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты бейнероликтер, иллюстрациялар мен көрнекті етіп сызылған схемалар мен кестелерді пайдалану маңызды. Аудиал оқушылар үшін мұғалім тарапынан дәстүрлі түсіндіру сабақтарынан бөлек, подкасттар мен аудиотаспаларды пайдалану арқылы сабақ тақырыбын бекіту тиімді болады. Кинестетиктер мен дискреттер үшін тақырып не пән ерекшелігіне байланысты 3D модельденген немесе белгілі бір заттардың кішігірім макетін сыныпта көрнекілік ретінде пайдалануға болады. Себебі, оқушы өзіне қызықты әрі қажетті деген тапсырманы орындауға құлшыныспен кіріседі. Саналы түрде тапсырманы орындауға бағытталған бала назары мен қызығушылығы – оның бейсаналы түрде грамматикалық материалды меңгеруін жеңіл түрде жүзеге асыруға жол ашады.

Қабылдау типтеріне негізделген білім беруде ескерілуі тиіс мәселелердің бірі- бір сыныптағы қабылдау каналдары әртүрлі білімгерлермен жүргізілетін жұмыс ерекшелігі. Оқу-танымдық құзіреттілікті қалыптастыруда оқытушылар әртүрлі білім беру тәсілдерін жүзеге асырады. Тапсырманы орындау барысында топқа бөлу, тапсырманы уақытқа шектеу қою арқылы күрделендіру сияқты тәсілдерді қолдану тиімді болмақ. Оқушыларды топқа рандомды бөлу барысында бір топқа қабылдау типі әртүрлі оқушылар жинақталады әрі уақытқа жұмыс жасау барысында әр білімгер өз қабылдау ерекшелігіне сай жүктемені өз жауапкершілігіне алып, топпен өнімді жұмыс жасауға үйренеді. Жеке жұмыс жағдайын қарастырар болсақ, орта буындағы оқушылар үшін бұл – геймификация арқылы грамматикалық тақырыпты меңгеру. Қазіргі таңда білім беруге негізделген сандық сервистерде дыбыстық сүйемелдеулер мен анимация арқылы түрлендірілген тапсырмаларды онлайн орындау мүмкіндіктері шектеусіз. Яғни, оқушы тапсырманы интерактивті тақта арқылы не өз гаджеті арқылы орындауда кинестетикалық ерекшеліктеріне сай жұмыс жасайды. Оқу тапсырмаларын ұсынуда педагог дыбыстамаларды не грамматикалық материалға сай қайталама сүйемелдеулерді қолдану арқылы аудиалды каналы басым оқушының білімді меңгеру сапасына ықпал етеді. Түрлі-түсті қанық әрі жазбалар айқын берілген тапсырма интерфейсі баланың виузалдық каналдарына әсер етіп қоймай, білімді бекітудің тиімді құралына айналмақ.

Оқушының оқу таным үдерісін арттыру үшін оның қабылдау каналдарының барлығына әсер етуді жүзеге асыру қажет. Бұл дегеніміз қабылдау типінің әрқайсына жататын сыныпты бақылай отырып, оқушылар арасында қандай қабылдау типі басым және жалпы қандай типтері кездесетінін анықтау. Құзырет білім берудің интегративтік сапалы сипаттамасы, қазіргі заманғы білім беру нәтижесі белгілі бір құзіреттер құрамы болып табылады, яғни білім берудегі жинақталған құзырет үлгісі қоғам талабын қанағаттандыра алатын сапа үлгісі.

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылып отырған 7-8 сынып оқушыларының оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруда негізгі компоненттер ретінде оқу үдерісі, таным және құзырет деңгейі, әр тұлғаның қабылдау каналдарына әрекет ету және оның түрлері, инициатива және саналы білім алу үдерістері жан-жақты қарастырылды. Бұл құзыреттің

негізгі өзегі – баланың өз бетінше жұмыс жасауына, ізденуіне жағдай жасап, мұғалім тек бағыттаушы қызмет атқарушы рөл атқарады. Келесі тарауларда аталған сыныптарда қазақ тілін оқыту барысындағы грамматикалық мәселелер және оларды меңгерту дидактикасы ұсынылатын болады.

1.2 Қазақ тілін 7-8 сыныптарда оқытудың грамматикалық мәселелері

Қазақ тілі пәні бойынша өтілетін сабақтардың негізгі бағыты – әр тіл деңгейі бойынша грамматикалық материалдарды меңгеруге бағытталады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы бұйрығына сай бекітілген үлгілік білім беру бағдарламасы [24] бойынша зерттеу нысаны етіп қарастырылып отырған 7-8 сыныптарға арналған білім беру жоспарының негізгі грамматикалық материалдары – 7-сынып үшін морфология және 8-сынып үшін синтаксис бөлімдері бойынша өтіледі. Білім алушылардың оқу-танымдық күзіреттілігін арттырудың дидактикалық тұсы білім беру бағдарламасында берілген тіл білімінің аталған бөлімдері бойынша қарастырылатын болады.

Кесте 1 – 7-8 сыныптардың қазақ тілі пәні бойынша білім беру жоспары

7 сынып	8 сынып
<p>1. Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану</p>	<p>1. Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография 8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу</p>
<p>2. Көшпенділер мәдениеті. Орфография 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу</p>	<p>2. Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика 8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану</p>
<p>3. Денсаулық – зор байлық. Лексика. 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану</p>	<p>3. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика 8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану</p>
<p>4. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану</p>	<p>4. Ғарышты игеру жетістіктері. Синтаксис 8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану</p>
<p>5. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану</p>	<p>5. Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем</p>

	мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану
6. Ғаламтор ғаламаты. Морфология 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану	6. Қоршаған орта және энергия ресурстары. Синтаксис 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу
7. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Морфология 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну	7. Жасөспірім және заң. Синтаксис 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану
8. Дұрыс тамақтану. Морфология 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану	8. Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану
9. Женіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	9. Қазақстандағы туризм және экотуризм. Пунктуация 8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану
10. Ғылыми фантастика. Пунктуация 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	

Білім беру бағдарламасында аталған сыныптардағы морфология және синтаксис бөлімдерінен бөлек грамматикалық тақырыптар тізімінің алғашқы легінде фонетика, орфография, лексика салалары орналасқан және соңы пунктуация бөлімімен қорытындыланады. Әдеби тіл нормалары мақсаттары бойынша фонетика бөлімінде интонация, кідіріс, әуез мәселелері қарастырылады. Фонетика бөлімінде 7-сыныпта "Ауа райы және климаттық өзгерістер" тақырыбы бойынша 7.4.2.1 "сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану" қарастырылған [24]. 8-сыныпта "Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті" тақырыбында 8.4.2.1 "сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолдану" оқытылады. Интонацияға қатысты тапсырмалар екі сыныпта да ұқсас түрде қайталаынады. 8-сыныптағы тапсырмалар күрделендірілуі керек, мысалы, интонацияны нақты коммуникативтік жағдаяттарға байланысты қолдану. Орфография бөлімінде морфологиялық қосымшаларды үндестік заңына сай жазу және бас әріппен жазылатын күрделі-құрама сөздерді нормаға сай жазу оқытылады. Орфография бойынша 7-сынып "Көшпенділер мәдениеті" тақырыбында 7.4.1.1 "жалғаулар мен шылаулардың үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазылуы", 8-сыныпта "Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы" тақырыбында 8.4.1.1 "бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу" қарастырылған. Екі сыныпта да орфографияға қатысты тапсырмалар берілгенімен, тақырыптары мен мазмұны бір-біріне жақын. Орфографиялық ережелерді

тереңірек талдап, олардың күрделендірілген нұсқалары берілуі керек.

Қазақ тілі бағдарламасы келесі пункттерді нақтылайды:

- қазақ тілі пәнінің мазмұнын, оқытылу міндетін, қазақ тілінен берілген теориялық білім мен практикалық дағдының көлемін;
- тілдік материалдың орналасу тәртібі мен әр бөлімнің бір-бірімен байланысын;
- әрбір сыныпта өтілетін оқу материалының жылдық көлемін белгілейді, апталық сағаттарын нақтылайды [25, 11-16б.]

Мектеп жасындағы балалар «Қазақ тілі» пәні арқылы тілдің үш түрлі қызметін: теориялық мәселелердің практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметін, жалпы адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгертуге болатынын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін; алған білімді практикалық тұрғыда қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін таниды, - деп орта мектепке арналған қазақ тілі бағдарламасында атап көрсетіледі [26]. Бұл айтылғандар қазақ тілінің пән ретінде маңызының зор екендігін дәлелдейді

Фразеологизм, мақал-мәтелдерді қолдану және сөздік қор, сөздік құрамды байыту аспектісінен лексика бөлімі зерделенеді. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер – қазақ тілінің бейнелі құралдары, оларды дұрыс қолдану тіл байлығын арттырып қана қоймай, ойды бейнелі әрі терең жеткізуге мүмкіндік береді. 7-сыныпта фразеологизмдерді қолдану 7.4.3.1 мақсатында көрсетілгендей, оқушылардың бұл элементтерді эмоционалды және көркемдік мәнін түсіну маңызды. 8-сыныпта бұл тапсырмалар күрделеніп, фразеологизмдерді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану ұсынылады. Мысалы, мақал-мәтелдерді ресми және ауызекі стильдегі сөйлеуде қолдану арқылы оқушылар түрлі тілдік стильдерді игереді. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер – тек дәстүрлі фразалар емес, олар ұлттық мәдениет пен дүниетанымның ажырамас бөлігі. Оларды дұрыс әрі орынмен қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, сөз байлығын арттырады. Әсіресе, лексиканы байыту арқылы оқушылар кез келген ортада өз ойын нақты, мәдениетті түрде жеткізе алады. Сөздік қор мен сөздік құрамды байыту 7-сыныпта оқушыларға сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын, синонимдер, омонимдер, антонимдер сияқты лексикалық құралдарды меңгеру ұсынылады. Ал 8-сыныпта бұл бағыт 8.4.3.1 мақсатына сәйкес, сөздік қор мен сөздік құрамды байытуға бағытталған. Оқушылардың сөздік қоры тілдің дамуындағы негізгі фактор болғандықтан, оны кеңейту міндетті болып табылады. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар әртүрлі стильдерде сөйлеу қабілеттерін дамытады, мысалы, кәсіби терминдер мен неологизмдерді игеру арқылы жаңа сөздік қор жасақтайды. Лексиканы байыту – тілдің негізгі қызметін түсінуге және оны әртүрлі коммуникациялық жағдаяттарда дұрыс қолдануға үйретеді. Көп мағыналы сөздер, синонимдік қатарлар,

неологизмдер мен кәсіби лексика оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, өз ойын нақты жеткізуге көмектеседі. Оқушылардың сөздік қоры байыған сайын олардың ойлау қабілеті, мәдениетаралық қарым-қатынасы дамиды, бұл заманауи қоғамда өте маңызды. Қазақтан шыққан алғашқы этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов халықтың ана тілдегі көрінісі жайлы: «Халық тұрмысы мен әдет-ғұрпы бәрінен де артық тілден көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздардың молдығы – терістік және Орта Азия көшпелі халықтарының ерекше қасиеті. Қазақ тілінде жасама бояу сөздер жоқ. Ол – нағыз тіл» [27,57б.], – деп айтқан ойын назарға алсақ, өз тілінің көркем қорын тілде еркін, көсіле қолдана білудің өзі халқымыздың өткеніне еткен тағзымы екендігін аңғаруға болады.

Түйіндеуші ретінде пунктуация бөлімі бойынша әдеби тіл нормалары мақсаты сөйлем соңы тыныс белгілері және олардың қатарласып келуі, сөйлем ішіндегі даралаушы, ерекшелеуші тыныс белгілерін дұрыс қолдануға бағытталады. 7-сыныпта пунктуация бойынша негізгі міндет 7.4.5.1 мақсатында анықталғандай, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) дұрыс қолдануға бағытталған. Ал 8-сыныпта 8.4.5.1 мақсатында күрделеніп, қабаттасқан тыныс белгілерін қолдану қарастырылады. Мысалы, тырнақша мен сызықша қатар келгенде немесе төл сөзді төлеу сөзге айналдыруда тыныс белгілерін дұрыс қоюдың маңыздылығы айқындалады. Бұл оқушылардың жазбаша тілінде сауаттылықты арттыру үшін қажет. Сөйлем соңында тыныс белгілерін дұрыс қою – сөйлеудің мазмұнын нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Қабаттасқан тыныс белгілерін дұрыс қолдану синтаксистік құрылымның мағынасын өзгертпей, оны нақтылау үшін өте маңызды. Бұл дағды әсіресе әдеби шығармаларды талдауда немесе ғылыми мәтіндер жазуда қажет. Сөйлем ішіндегі даралаушы және ерекшелеуші тыныс белгілері 7-сыныпта оқушылар сөйлем ішіндегі тыныс белгілерді (үтір, сызықша, қос нүкте) дұрыс қолдануды меңгереді. Ал 8-сыныпта бұл бағыт 8.4.5.1 тапсырмасы бойынша дамытылады, яғни даралаушы және ерекшелеуші тыныс белгілерін түсіну және қолдану. Бұл әсіресе күрделі құрмалас сөйлемдерде маңызды. Оқушыларды сөйлем ішіндегі үтір, қос нүкте немесе сызықшаны дұрыс қолдануға үйрету олардың синтаксистік сауаттылығын арттырады. Даралаушы және ерекшелеуші тыныс белгілері сөйлемнің құрылымын айқындап, мәтіннің логикалық құрылымын нақтылайды. Бұл дағды жазбаша коммуникацияда маңызды, себебі тыныс белгілердің дұрыс қойылуы мәтіннің оқылу жылдамдығы мен мағынасын айқындайды.

Лексика және пунктуация бөлімдерін бірге зерделеу оқушылардың жалпы тілдік құзыреттерін дамытуға бағытталған кешенді тәсіл. Лексика бөлімінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді, сондай-ақ сөздік қорды байыту тапсырмалары оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас қабілетін арттырады, ал пунктуация бөлімінде сөйлем ішіндегі және соңындағы тыныс белгілерін дұрыс қолдану дағдылары олардың жазбаша сауаттылығын дамытады. Бұл екі бағыттың үйлесімділігі оқушылардың тілдік құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастырып, оларды заманауи қоғамда табысты коммуникацияға дайындайды.

Қазіргі таңда қоғамда тілдік сауаттылықты қажет ететін мамандық түрлері мен заманауи пайда болған кәсіп түрлері өте көп. Сәйкесінше олар өз дәуіріне сай ғылыми және публицистикалық стильді жетілдіруді талап етеді. Бүгінгі күні қазақ ғылымы және ғылыми тілі қайта құру үдерісін өтуде. Журналистика, әлеуметтік желі және жалпы медиа алаңы, ғылым тілі сауатты да сөз саптауы бай ұрпақты қажет етуде. Бұл ретте мектеп қабырғасындағы қазақ тілінің әдістемесі мен оқыту жүйесін күшейту әрі қажетті деп танылған тұстарында өзгеріске түсуі аса қажетті. Сондықтан қазақ тілінен теориялық білім берумен шектеліп қана қоймай, оларды практикалық тұрғыда қолжетімді барлық озық үлгілермен оқытуды мазмұнды жүргізу арқылы логикалық ойын, дүниетанымын, сөз байлығын, сөйлеу мен жазу тілін әдеби нормада қалыптастыру көзделеді.

Тіл – динамикалы әрі өзгермелі құбылыс. Тілдегі өзгерістер оны қолданушылардың актив лексикасына, қоғамдық және әлеуметтік өзгерістерге алып келуші факторларға тәуелді. Тілдік қатынас оқушыдан сөйлеу әрекетінің барлық түрін, тілдің ауызша және жазбаша нормаларын, тілді қажетті жағдаятта жас ерекшелігіне қарай қолдана алу іскерлігі мен дағдысының болуын талап етеді. Тілдік және лингвистикалық құзыреттілік тіл туралы білім, оның құрылымы, негізгі қызметі, әдеби тілдің нормалары, олардың түрлері, лингвистиканың ғылым ретінде сөздік қордың, тілдің грамматикалық құрылысының толығы жолдарын, тілдік фактілерді талдау және бағалау қабілетінің қалыптасуын талап етеді [28]. Қазіргі таңда жастар арасында тіл байлығының негізін құрайтын фразеологиялық тіркестерді, мақал-мәтелдерді сөйлеу барысында актив қолдану төмен көрсеткіште екендігі байқалады. Сөздік қордың жұтандығы да өзекті мәселелер қатарында, онда өзге тілден аудармасыз енген калька сөздер, кірме сөздер, сленг сөздер басымдық көрсетеді. Сәйкесінше, сөйлемді дұрыс құрау барысында шақ түрлерін орынды қолдану проблемасы да айқын көрініс табуда. Мәселен, жастар арасында болған оқиғаны баяндау барысында өткен шақты қолданудың орнына келер шақ формасын қолдану тенденциясы байқалады. Мысалы, «Мен барамын, олар сабақ айтып бастап кеткен». «Қараймын, басқа кабинетке кіріп кеткенсің ғой». Дұрысы «Мен барған кезде, олар сабақ айтуды бастап кетіпті», «Қарасам, басқа кабинетке кіріп кеткен екенмін». «Айтып бастау, сөйлеп бастау, жазып бастау» сынды көсемше формасын қабаттастырып қолдану үрдісі де көрініс тауып жүр. Мұның барлығы әдеби тіл нормаларының бұзылуына алып келетін үдеріс екендігі белгілі. Осы үдерістің алдын алудың жолы ретінде зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынып отырған 7-8 сынып жасөспірімдерінің мектеп қабырғасындағы қазақ тілі сабақтарында реттеу мақсаты қарастырылды. Осы мақсатта 7-сынып оқыту бағдарламасындағы «3. Денсаулық – зор байлық. Лексика. 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану», «5. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану» тақырыптары; 8-сынып бойынша «3. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика 8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану», «8. Театр өнері мен мәдениеті.

Синтаксис 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану» тақырыптары төңірегінде сөз қозғалатын болады. Аталған сыныптарда қазақ тілін оқыту барысындағы негізгі мәселелер ретінде білім беру бағдарламасына сай тіл білімінің келесі салалары қарастырылады: 7-сынып бойынша лексика және морфология, 8-сынып бойынша лексика және синтаксис бөлімдеріне байланысты тақырыптар негізгі нысан ретінде алынды.

Лексика-морфологиялық мәселе. Фразеологизм, мақал-мәтел. Етістік шағы, рай түрлері. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді сөйлеу барысында актив пайдалану төмен көрсеткіште.

Тіл сабағында білім алушының сөйлеу дағдысын, ойын сауатты жеткізу дағдысын қалыптастыруда коммуникативтік үдерістің ең негізгі екі аспектісінде – информативтік және эмотивтік аспектілерінде жұмсауды үйретудің маңызы зор [29]. Яғни, информативтік аспектіде тілдің өмірдегі шынайы, нақты мәліметтерді жеткізу дәрежесі көрінеді, ал эмотивтік аспектіде адамның ішкі көңіл-күйі тербелісін, әсерін білдіру дәрежесі көрінеді. Эмотивтік қызмет көрсету сөздің образдылық потенциалын толық сезіну, оның түрлі мүмкіндіктерін пайдаланумен анықталады. Тіліміздің лексикалық, фразеологиялық қоры, мақал-мәтелдер дәл осы эмотивтілік пен информативтік ақпаратты ұштастыра алатын бірегей тілдік элементтер. Бұл тілдік қолданыстарды өз сөйлеу әрекетінде қолдана білетін тұлға коммуникативтік жағдаятқа түскенде өз мақсатына тиімді жетуге мүмкіндік алады. Себебі айтылған ой дәл, нақты әрі әсерлі жеткізіледі. Міне, тілдің әлеуметтік қызметінің қазіргі кезде қоғамда болып жатқан өзгерістер ағымына орай кеңейе түсуі, білім алушылардың коммуникативтік шеберлігін қалыптастыруды оқу-тәрбие үдерісінің басты компоненті ретінде ұсынуды талап етеді. Бұл айтылғандар білім алушы шығармашылығының қалыптасуына негіз болатын аспектілердің бірі. Тілдің заңдылықтарын егжей-тегжейлі түрде оқытатын пән – қазақ тілі болғандықтан, оны оқытудың әдістемесіндегі шығармашылықпен жұмыс істеу мазмұнын осы себепке байланысты жетілдіру – үлкен зерттеуді қажет ететін міндет.

Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытуда мақал-мәтелдермен жұмысты жаңаша түрде ұйымдастырудың маңызы зор. Мақал-мәтелдермен шығармашылық жұмыс түрлерін төмендегіше түрлендіріп ұйымдастыруға болады:

1. Мақал-мәтелдердегі күрделі ойды анықтау.
2. Мақал-мәтелдердегі, фразеологиялық тіркес құрылымын синтаксистік тақырыптар мақсатына сай қайта құру.
3. Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу.
4. Керісінше, мақал-мәтелдің мағынасына қарай оқиға ойлап табу.
5. Мәтін мазмұнына орай мақал-мәтелдер пайдалану.
6. Мақалдың мәнін ашатын суреттер жинақтау.

К. Садирова «Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі» деген мақаласында: «Оқытуда рольдік ойындарды, драмалық тәсілдерді пайдалану кезінде - тындау-есту-түсіну-сөйлеу-оқу және жазу орын алады. Үйренушінің психикасы, барлық қабілеті өзінің іс-әрекеті арқылы беріледі. Мұнда

үйренушінің ішкі көрнекілігі қалыптасады, ойлауы мен физикалық іс-қимылдары қатар жүреді. Үйренуші ойлап отырып іс-қимыл жасайды. Мұның бір артықшылығы үйренуші оқу материалдарын интенсивті түрде қайталап, жаттығып отырады. Үйренушінің лексикалық дағдысы да, грамматикалық дағдысы да қалыптасады. Мұнда білім деңгейі шамамен 70-75 пайызға жетеді деп есептеледі», [30]- деген тұжырым жасайды.

Мектеп оқулықтарына зер салар болсақ, берілген тапсырмалардың дені дағды қалыптастырушылық сипаттан гөрі грамматикалық бірліктерді мәтіннен тауып, анықтап беру сынды түрлері басымдық танытады. Оқушының таным өрісі кеңею үшін, біздің жағдайда фразеологиялық тіркестер мен мақал мәтелдерді актив лексикаға қосу үшін дағды қалыптастырушы бірінші деңгейлік тапсырмалардан бастаған жөн деген пікір құпталып отыр. Оқу танымдық құзыреттілікті арттырудың негізгі шарты оқушының өз бетінше ізденуіне, білімді өз жадында саналы қалыптастыруна жағдай жасау деп қарастырылатын болса, фразеологиялық сөздіктермен жұмыс, оның беретін мағынасы мен қолданылатын межесін анықтау және оны қолданысқа түсіру ісі мұғалім ұйыдастыратын тапсырмаларға байланысты. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын төрт дағды түрлеріне сай жұмыс жасалатын болса, тапсырма үлгілері бойынша алғашқы сабақта оқылым және айтылым тапсырмалары, екінші сабақта тыңдалым және жазылым тапсырмаларын ұсыну арқылы берілген білімді бекіту мүмкіндігі жоғары деп болжалады.

Жазылым тапсырмасы. Төмендегі берілген фразеологизмдердің мағынасын синоним сөздермен сәйкестендір

Үлгі: дүние есігін – ашу өмірге келу; дүниеден өту – о дүниелік болу

Дүние есігін ашу; дүниеден өту; арасынан қыл өтпеу; сөздің майын тамызу; сөзді түйеден түскендей; он екіде бір гүлі ашылмаған; асарын асар, жасарын жасаған; жаны құмар; жаны қас; екі езі екі құлағына жету; зәресі зәр түбіне кету; жүрегiнiң түгi бар; сұмжүрек; ит өлген жер; тиіп тұр; қой аузынан шөп алмас; иненің көзінен өткендей; көзге ілмеу; құдірдай жорғалау; ат ізін салмау; ат ізін суыту; қолы ашық; аузын ку шөппен сұрту; жұлдызы жарасқан; жұлдызы қарсы; нәсіп ақысы жоқ; өліп кетіп білмеу.

Ізденім тапсырмасы. Фразеологиялық сөздікті пайдаланып, төмендегі тұрақты тіркестердің қай сөздің баламасына екенін анықтаңдар.

Үлгі: Айыбың жиылмады — сескенбеді.

Ақылға сыймау; ала жіпті аттамау; ат ізін салмау; аузы бармай; тілі күрмелу; ауыз тимеу; аяғыңды кейін басу; көзге ілмеу; тіс жармау; басын сұқпау; қол ұшын беру; иісі мұрнына бармау; ішінен асып жерге қою; иттің басын сындырмау; көзіне көк шыбын үймелету; жегі ұшыннан жалғау.

Айтылым тапсырмасы. Төмендегі фразеологиялық тіркестердің мағынасын ашыңыз және өз өміріңізден мысал келтіріп айтыңыз.

Үлгі: "Ала жіпті аттамау дегеніміз адалдықты сақтау дегенді білдіреді. Менің әжем әрқашан ала жіпті аттамауды өсиет ететін, сондықтан мен де

ешқашан біреудің затын сұрамай алмаймын."

Тыңдалым тапсырмасы. Мәтінді тыңдап, онда қолданылған тұрақты тіркестерді жазыңыз. Тіркестің мағынасын ашыңыз және неліктен қолданылып тұрғанын түсіндіріңіз.

Тақырып бойынша «Ұстазға құрмет» мәтінін тыңдап отырып, «Шын-жалған кестесін» толтыру тапсырмасы оқушының тыңдалым дағдысын жетілдіреді.

Кесте 2 - «Шын-жалған» кестесі

Ақпараттар	Шын	Жалған
Қожа Ахмет Яссауи диуананың алдынан кесіп өтті		
Диуана Яссауи бабаның ұстазы		
Яссауи баба диуанадан мысық туралы білім үйренді		
Яссауи баба ұстазына құрмет көрсетті		
Яссауи баба қауіптен аман қалды		
Шәкірттер кешірім сұрамады		

Тыңдалым тапсырмасын бергенде, аудионы сандық құрал арқылы тыңдатып, естіп отырған мәтінді толықтыру жұмысын да берген тиімді. Мысалы «Дәуітке тиіспе» мәтінін тыңдап отырып, бос орынға сөз қояды:

«Дәуіттің тұсында Ғайдуна деген қаланы басады. Олардың көптігі сондай жерге он жылан сыяды екен. Қарсы келген адамға атылып, бет қаратпапты. Күресуге патша ақсақалдарды жинап, кеңеседі. Қариялардың бірі:

– Дәуіт пайғамбардан көмек сұрайық. , мына пәледен құтқарсын, – дейді. Оның сөзін бәрі қоштайды. Сөйтіп Дәуітке хабаршы жібереді.

Дәуіт Мақпар тауында ұста екен. Хабаршы , көмек сұрайды. Дәуіт

кеудесінен үзіп алады. Оны төске қойып, үш рет ұрады. Түймесі

..... айналады. Оны хабаршыға беріп:

– Қалаға кіргенде босат. қуып шығады, – дейді»

Тыңдалған мәтін толық нұсқасымен тексеріледі, сәйкесінше тыңдалым дағдыларын сандық құрал арқылы да осылай дамытуға болады. Сондай-ақ, көрнекіліктер арқылы жүзеге асатын оқыту әдістері де тіліміздің лексика-морфологиялық қабатын терең түсініп, қабылдауға жол ашады. Бұл жайлы ұлы ұстаз Ж.Аймауытов: «Бала алған әсерін сөзбен ғана емес, іспен яғни, көрген-білгеніне шығарма жазса, сурет салса, сызба немесе т.б. жағдаймен әсер алып жадына тақап, өмірінде өз керегіне жаратса, мұндағы мақсат баланы тек белгілі бір өнерге епті қылып шығаратындықтан ғана емес, ақыл жүйесі мүлде өзгеше азамат тәрбиелеп беретіндігінен» [31,114б.].

Бүгінгі күні жиі қарастырылып жүрген мәселе – оқушы алған білімін өз өмірінің қажеттілігіне жарату мәселесі. Бұл қағида А.Байтұрсынұлының «Баулу мектебі»[32,25б.], атты мақаласында баяндалған. Яғни білімді өмірлік қажеттілікке жарату мәселесі әр кезеңде де өзекті екені байқалады. Жас ұрпақты өмірге бейімдеу, қажетті дағдыларға баулу – қазіргі күні де өте маңызды іс. Бұл біздің еліміздің оқытудағы басты мақсаттары ғана емес, халықаралық PISA зерттеулерінің де негізгі бағыттарының бірі саналады.

Жаттығулар орындату тұсында сонымен қатар, «Сатылай кешенді талдауды» пайдалану тиімді. «Сатылай кешенді талдау» технологиясын зерттеуші ғалым Н.Оразахынова бұл технологияда білім алушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталатынын көрсетеді. Сатылай кешенді талдау – ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп, күнделікті өмірде қолданылу аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту түрі екенін дәлелдеп көрсетті. «Сатылай кешенді талдау - тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық - психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі» [33,12б.].

Жаттығулардың барлығында да тіл мен сөйлеудің қатысы сақталған. Тілді оқыту әдістемесінде лингвистикалық ұстаным басшылықта болып, білім алушылардың тілін дамыту мақсатында кең қолданылыа жүр. Бұл жағдай көптеген ғалымдар еңбектерінде қарастырылып жүргені белгілі. Соның ішінде ғалым С.Рахметованың еңбегінде жан-жақты талданады. Ғалым тіл дамытудағы сөйлеуге бағышталған жаттығулардың маңызының зор екенін айтып, жан-жақты қамтылған жаттығулардың арқасында оқушының тілі айтарлықтай дамидынын көрсетті [34].

Лексика-синтаксистік мәселе. Сөздік қор, сөздік құрам. Жай сөйлем түрлері. Сөздік қордың тапшылығы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, жасөспірімдер мен жастар арасында басқа тілден аударылмай енген калька, кірме және сленг сөздердің жиі қолданылуы бұл жағдайды күрделендіре түседі. Сонымен қатар, сөйлемдерді дұрыс құру барысында шақ формаларын дұрыс пайдаланбау мәселесі де анық байқалады. Мысалы, жастар арасында болған оқиғаларды баяндағанда, өткен шақтың орнына келер шақты қолдану әдеті кең тараған. Айталық, «Мен барамын, олар сабақ айтып бастап кеткен», «Қарасам, басқа кабинетке кіріп кеткенсің ғой» деген сөйлемдер жиі естіледі. Дегенмен, бұл сөйлемдердің дұрыс нұсқасы «Мен барған кезде, олар сабақ айтуды бастап кетіпті» немесе «Қарасам, басқа кабинетке кіріп кеткен екенмін» болуы керек. Яғни, сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің қалыпты реті бұзылып, әдеби тілде айтылып жүрген инверсиялық үлгіде айтылып жүр. Баяндауыш сөйлем басында, бастауыш басында, сөйлемді байытушы мүшелер аралықта жүйесіз қолданылып жүр. Өз ойын анық да сауатты ұрпақты қалыптастыру үшін әдеби норма бойынша қалыптасқан реттілікті сақтай отырып сөйлем құрау дағдысын тапсырмалар

арқылы негіздеу ісі алға қойылып отыр.

Қазақ тілтанымының бастауында тұрған А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл тағылымы» еңбегінде сөздік қор жайлы: «Тіл дамыту – ең алдымен сөзбен жұмыс. Егер оқушы әр сөздің мәнін терең түсініп, оны өз орнында пайдалана білсе, оның сөздік қоры молаяды. Ал сөздік қор – әдеби тілдің де бастау көзі. Әр сөзді нақты, айқын, дұрыс, орынды, мәнерлі түрде айта білуге дағдыландыруды тіл дамытудың әліппесі деуге болады»[35,21б.]. Сөздік қорды байытудың негізгі жолы – оқушыларға қызықты болар мәтіндерді ұсыну және ондағы сөздермен жұмыс жасату, сөздікпен жұмыс әрекеттерін жүргізу. Адамның әлемді тануы әрі онымен әрекеттесуі тіл арқылы жүзеге асады, оқушымен оқыту әрекетін жүзеге асыру барысында сөздік қорын молайту жұмыстарын жүргізу осы себептен маңызды.

Ғалым Х. Арғынов қазақ тілінің синтаксисіне қатысты «Жай сөйлем синтаксисінің методикасы» атты іргелі еңбегінде: «Қазақ тілінде өз ойын дұрыс айтып жазып бергісі келген адамға қазақ тілі синтаксисін білу — ең негізгі, ең басты шарт. Қазақ тілі синтаксисінен саналы да терең білімі бар оқушы ана тілінде оқылатын басқа пәндерден жеңіл де берік білім ала алады, әрі білгендерін өмір кәдесіне еркін жаратады. Сонымен, жас буындар өз ойын өзгеге анық та айқын етіп жеткізу, өзгенің ойын дұрыс түсіне білу үшін, мектепте синтаксисті оқиды», – деп синтаксисті жас буын өкіліне оқытудың маңызын тұжырымдайды [36]. Демек, қазақ тілінің синтаксисін мектеп қабырғасында меңгерту – тілдік білімнің негізі ғана емес, оқушының танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік қабілеттерін дамытудың маңызды құралы. С.Қазыбаев «Қазақ тілі методикасы» еңбегінде: «Тілдің тәрбиелік мәні күшті. Ана тілін жақсы меңгерген оқушының ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, мәдени өрісі қоғам талабына сай бола жүреді», [37] - деп тілдің тәрбиелік мәнін ашады. Ал С.Рахметова:«Оқыту мен тәрбие бір-бірінен ажыратуға келмейтін, тұтас бір процесс болғандықтан, оқытудың тәрбиелік мәнінің өзі ақыл-ой тәрбиесіне жатады», [38] - деп, педагогиканың өзі тәрбие берудегі басты жол және екеуінің бір-бірімен байланысты екенін айтады. Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, ойды өрнектеудің, танымдық белсенділікті арттырудың да тетігі. Жаңа тілді меңгеру барысында адам алдымен сөздік қорын арттырады, өмірге қажетті қарапайым амандасу, қоштасу, алғыс білдіру сынды фразалық тіркестерді меңгереді және сол тілді меңгерудегі алатын алғашқы белесі – қарапайым сөйлемдерді құрап үйрену дағдысы екені белгілі. Біздің жағдайда, тілді бала кезінен ана тілі ретінде білетін оқушылар табиғи жолмен меңгерген (есту, еліктеу, тыңдау арқылы) тілдің теориялық жүйесін білмегенмен оны өз ортасы мен жас ерекшелігіне сай пайдаланатыны айқын. Бұл ретте біз тілді қолданушы жас буынға сол тілдің қуатын, мазмұндық күшін, көркемдігін, әсерлілігін арттырудың жолдарын осы синтаксис арқылы меңгертеміз. Қазіргі кезде қазақи құндылықтардың, мәдениетінің, ана тілімізді медиа кеңістігінде әртүрлі мақсаттарда (юмор, желі тілі, халықаралық тілдер қатарына енуге аяқ басу жолында жиі қолданылуы) қолдану тенденциясы

белсенді көрініс табуда. Алайда мектеп оқушылары арасында жиі кездесетін ойын жүйелей алмау, сөйлем құрылымын сақтамай, ойды үзік, байланыссыз, кейде логикалық тұрғыдан ретсіз түрде жеткізуі – тілімізді жаңа деңгейге шарықтату жолындағы басты кедергілердің бірі болып тұр. Тілдің бай мүмкіндігін пайдаланбай, шаблонды сөйлемдермен шектелу – олардың тілдік тұлға ретінде дамуына кедергі келтіреді. Егер оқушы синтаксистік құрылымды, сөйлемнің ретін, сөйлемдегі ой екпінін, байланыс тәсілдерін білмесе, оның ауызша да, жазбаша да сөйлеуі шалағай, мағынасыз болмақ. Бұл тек мектептегі оқыту көлеміндегі ғана емес, болашақ кәсіби өмірде де, қоғамдық белсенділігінде де кері әсерін беруші фактор. Бұл ой ғалым В.К.Дьяченконың пайымдауымен: «...Его учение и труд совершаются для себя, для удовлетворения собственных потребностей и интересов. Для подготовки к будущей жизни в обществе» [39,36б.] тұспа-тұс келеді. Сондықтан, синтаксис тек грамматикалық білім ретінде ғана емес, тұлғалық даму мен мәдени сауаттылықтың да негізі ретінде қарастырылуы қажет.

Х.Арғынов «Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері» деген еңбегінде грамматикалық күрделі де қиын әрі жауапты сала синтаксисті оқушыларға оқытуда негізінен мынадай мақсаттардың көзделетіндігін айқындайды:

- оқушылардың ойлау қабілеті мен тілін, дүниетанымын дамыту.
- қазақ тілі ғылымы табысының негізінде оқушыларға синтаксистен тиянақты да, терең, саналы тәрбие беру.
- қазақ тілі нормасына сай ойын, өз түсінігін дұрыс жеткізе білуге және жаза алатындай оқушыларға дағды беру.
- оқушыларға ана тілін сүйеге, оның қорын пайдалана білуге және оны құрметтеуге тәрбиелеу.
- дене еңбегін де, ақыл-ой еңбегін де атқаруға, ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге қабілетті. Отанын сүйетін сана-сезімді, білімді ұрпақ тәрбиелеп, даярлап шығаруға үлес қосу [40,71б.]

А.Әбілқажеттің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген еңбегінде синтаксисті оқытудың мынандай міндеттерін белгілейді:

- тілдің синтаксистік нормаларына сәйкестік тұрғыда оқушылардың тілін, сөйлеуін дамыту;
- оқушы тілінің синтаксистік құрылысын мақсатты түрде байыту;
- пунктуациялық ережелерін оқушылардың ойдағыдай қабылдауына негіз қалау;
- оқушылардың олау қабілетін дамыту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын тәрбиелеу, тілдік тәсілдер арқылы оқушыларға тәрбие беру» [41,82б.]

Аталған ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, синтаксисті оқыту мынадай мақсаттарды көздейтіні анықталды:

1. Білім алушылардың теориялық ойлау қабілеті мен көркем тілін, шығармашылық дүниетанымын кеңейту.
2. Қазақ тілі ғылымы табысының негізінде білім алушыларға синтаксистен тиянақты да саналы білім беру.
3. Білім алушының күрделі ойын, өз сезімі мен қабылдауын, түйінді шешімін қазақ тілінің грамматикалық нормасына сай дұрыс айта және жаза алатындай дағды беру.
4. Білім алушы шәкірттің өз ана тілінің алтын қорын еркін пайдалануына жол ашу.
5. Өзіндік ой-тұжырым жасауға, өз бетінше шешім шығарып, тіл күшін білім мен ғылымның кез келген саласында орынды пайдалана білуге үйрету.

1.3 Грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттырудың дидактикалық аспектісі

Қазіргі білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі сабақтарында тек грамматикалық тақырыптарға ғана басымдық берілмейді, оқулықтар мен оқыту мазмұны баланың әр түрлі тақарыптарда білімін қалыптастыруға, жан-жақты дамыған тұлға болуына бағытталған. Пәндік бағдарлама мен оқыту әдістемесі оқытылатын пәннің мазмұнын ашып, оның әр қырынан мағлұмат бере отырып үйретуді көздейді. Мұның айқын көрінісі оқулықтар мазмұнындағы «Ғарышқа саяхат», «Болашақ және заманауи технологиялар», «Әлемнің жеті кереметі» т.б тақырыптар. Сәйкесінше, қазіргі қазақ тілі сабақтарында төрт дағды түрлерімен жұмыс жасай отырып баланың танымдық шеңберін кеңейту, сауатты сөйлеу әрі жазу, өз ойын кез-келген жағдайда сауатты жеткізе білу қабілетін арттыру алға қойылады. Қазақ тілі сабақтарында әр түрлі тақырып бойынша ізденіс жүргізудің мақсаты - осы дағдыларды автоматтандыру, яғни ақыл-ойда бекіген құзыреттілікке айналдыру. Грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыпты өнімді ұштастыра отырып, грамматикалық ережені меңгертіп, оны сауатты пайдалануды лексикалық тақырып барысында автоматтандыруға алып келеді. Заманауи әдістерді тиімді қолдану оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырады. Бұл құзыреттіліктің негізгі бағыттары – а) ақпаратты өз бетінше іздеу және өңдеу; ә) логикалық және сын тұрғысынан ойлау; б) білімді тәжірибеде қолдану; в) өз бетінше шешім қабылдау және шығармашылық көзқарасты дамыту дағдылары.

Аталған бөлімде қазақ тілі сабақтарындағы грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттырудың дидактикалық аспектісі жайлы сөз болатындықтан ғалымдар Ф.Оразбаева мен С.Рахметованың тіл әдістемесіне қатысты тұжырымдарына тоқтала кетуді жөн көрдік. Онда: «Қазақ тілі пәні - ана тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын балаға үйретудің жолдары мен құралдарын зерттейтін тілдік

білім беру ғылымының бір саласы. Педагогика ғылымының дидактика саласы оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, білімді игерудің ең тиімді, ұтымды жолдарын, іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың амалдарын зерттейді» [42],– деп көрсетіледі. Тілді меңгертуде дидактикалық құрауыш өте маңызды екенін ескерсек, қарастырылып отырған оқу-танымдық құзыретті арттыру мақсатында онда әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болатындығы анықтала түседі. Тіл әдістемесіне берілген ғалымдар ағықтамаларына зер салатын болсақ, онда мектепте оқытылатын қазақ тілі пән материалдарын практикалық тұрғыдан саналы түсіндіретін ғылым [43], қазақ тілін оқыту методикасы қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгертудің жолдарын үйрететін ғылым [44]. Демек, әдістеме дайын жол картасы емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба [45] болғанымен, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы қазақ тілін оқытудың заңдылықтары мен жолдарын зерттейтін дербес ғылым [46]

Ғылым және оқу танымы ғылыми білімнің құрамымен, құрылымымен, танымдық қызметімен сипатталады. Ғылыми білімді ұғымнан теорияға дейін меңгеру білім сапасының маңызды белгісі болып есептелетін жүйеліліктің логикалық-психологиялық және дидактикалық сипаттамасы болып есептелінеді. Оқу-танымдық әрекетте таным қызметтерін меңгеру ғылыми әдісті игеруге әкеледі [47]. Логиканы дидактикалық үдерістегі оқытудың құралы еткен тіл екені анық. Ғалым да, оқушы да құбылысты сипаттау, түсіндіру, болжау үшін қолданыстағы кілтті сөздері бірдей. Бұл лексикалық құрылымдар оқу мәтіндерінің, оқу тапсырмаларының мазмұнына үнемі және мақсатты түрде қосылып отырады.

Т.И. Шамова оқу-танымдық әрекетті жүзеге асыру үшін проблемалық оқытудың қолайлы әдістің бірі екенін атап өткен [48]. Проблемалық деңгейіне қарай проблемалық оқытудың үш негізгі деңгейі ажыратылады: проблемалық баяндау, мұнда мәселені оқытушының өзі қойып, оны шешудің жолын табады; проблемалық оқыту, мұнда оқытушы мәселені қойып, оны шешу жолдарын іздеу оқушылармен бірлесе жүзеге асырылады; шығармашылық оқыту, ол оқушылардың мәселені тұжырымдау мен шешу жолдарын іздеуге белсенді қатысуын көздейді [49]. Оқу-танымдық әрекетті шынайы түрде жүзеге асыруға ең көп мүмкіндік беретін – дәл осы үшінші деңгей, ол оқу-зерттеу және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу барысында іске асырылады. Яғни, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сабақта проблемалық оқыту тәсілін тәжірибеге енгізудің арқасында оқушылар:

- Проблеманы шешу үшін көбірек ақпарат жинауға қажеттігі туындайды;
- Оқушылар топта шынайы өмірден алынған проблеманы шешу үшін бірге жұмыс жасайды;
- Топта тапсырманы орындау үшін өзара талқылауға түсу қажеттілігі туындайды;
- Проблемалық сұраққа жауап беру үшін түрлі мәтінмен жұмыс істеп, зерттеу жүргізеді;

- Эссе жазуға, нақты аргументтер келтіруге, өмірмен байланыстыруға, шешу жолдарын ұсынуға және қорытынды жасауға дағдыланады деп күтіледі.

Сабақты проблемалық оқыту негізінде ұйымдастыру міндетті түрде бір бөлім аясында проблемалықтың келесі деңгейлері негізге алынып, ұйымдастырылуы қажет:

- Репродуктивтік іс-әрекет (білу, түсіну);
- Бұрынғы білімді жаңа жағдайда қолдану;
- Продуктивті-іздеу деңгейі (қолдану, талдау, жинақтау);
- Шығармашылық деңгей (жинақтау, бағалау) [50].

Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған проблемалық әдісті тәжірибе жүзінде іске асыру мақсатында 7-сынып қазақ тілі сабағын оқыту бағдарламасында берілген «Ғаламтор ғаламаты» бөлімі бойынша «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбы таңдалды. «7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау» мақсаты бойынша оқушыларға ғаламтор жайлы тыңдалым немесе оқылым мәтіні беріледі. Мәтінмен танысқан соң оқушыларға проблемалық сұрақ қойылады: «Ғаламтордың пайдасы мен зиянын теңестіріп, қалай тиімді пайдалануға болады?». Оқылым тапсырмасының дескрипторын басшылыққа алып, оқушылар топта көтерілген мәселені анықтайды; қажетті ақпаратты өз бетінше іріктейді; мәселенің себептері мен салдарын анықтайды; фактілерді талдап, мәселенің шешу жолын ұсынады.

Проблемалық оқыту бойынша «PRES» және «Нақты жағдаят» әдістері қарастырылды. Аталған екі әдіс бойынша оқушылардың бойында қалыптасуы қажет деп болжалған дағдылар және жауаптар ұсынылды. «PRES» әдісінің ерекшелігі қарастырылып отырған мәселені төрт аспектіден – көзқарас, себеп, мысал, қорытынды тұрғысынан талдай отырып қарастыру. Оқушылар мәселеге өзіндік көзқарасын (позициясын) білдіреді; бұл мәселеге алып келуші себептер пайдасы және зияны бойынша тізбектеледі; аталмыш мәселе көрініс табатын мысалдар келтіріледі және мәселенің шешімі қорытынды ретінде ұсынылады. «PRES» әдісі бойынша жұмыс жасау барысында көп ақпарат жиналып, тиімді сұрақтар қойылады, бұл мәселені терең түсінуге мүмкіндік береді. Әдіс түрлі пікірлер мен көзқарастарды қамтуға негізделгендіктен, шешімдер әртүрлі тараптардың көзқарасы бойынша тұжырымдалады.

«Нақты жағдаят» әдісі бойынша оқушылар тапсырма талаптарына сай мәселенің туындау себептерін түсіндіреді, мәтіннен алынған деректерді дәлел ретінде пайдаланады, және проблеманы шешудің жолдарын ұсынады. Бұл әдістің ерекшелігі – оқушылардың креативті ойлауына мүмкіндік беріледі. Қатысушылар лексикалық тақырып пен бөлім бойынша пәнаралық сөз қолданыстарын ұтымды пайдалана отырып, еркін шығармашылықтан туған өлең жолдарын ұсынады; мақал-мәтел, қанатты сөздер мен афоризмдерді кіріктіп, мәселе шешімін негіздеу барысында ойын көркем әрі дәл жеткізуге

дағыланады.

Оқушылар «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбын ашып, жұмыс нәтижесін PRES тәсілі негізінде таныстырады, бірін-бірі бағалайды. Топтағы жұмыстың тиімділігін қадағалау мақсатында бағалау парағы бойынша топтық жұмыстың ұйымдастырылуы, мазмұны (тақырыптың ашылуы, мәліметтің жан-жақты зерттелуі), PRES тәсілін қолдануы (көзқарас, себеп, мысал, қорытынды) оқушылар тарапынан жеке бағаланады. Топтық жұмыстың бағалануы арқылы оқу-танымдық құзыреттіліктің бір қыры ретінде қарастырылатын оқушылардың өз бетінше оқуды басқаруы қандай деңгейде екенін түсіну маңызды.

Кесте 3 – PRES әдісі бойынша топтық жұмыста оқушылардың проблемалық сұраққа болжамды жауаптарының үлгісі

Топ	P (көзқарас)	R (себеп)	E (мысал)	S (қорытынды)
1	Ғаламтор білім алуда үлкен мүмкіндік береді.	<u>Пайдасы:</u> ақпараттың мол қоры. <u>Зияны:</u> жалған ақпараттың жиі кездесуі.	Оқушылар ғаламторды пайдаланып, ғылыми жобаларын дайындайды. Бірақ, жалған ақпаратқа тап болуы мүмкін	Ғаламторды тиімді пайдалану үшін, тек сенімді ақпарат көздеріне жүгіну керек.
2	Ғаламтор — заманауи өмірдің маңызды бөлігі.	<u>Пайдасы:</u> әлеуметтік желілер арқылы пайдалы ақпарат алуға болады. <u>Зияны:</u> шектен тыс уақыт өткізу.	Оқушылар әлеуметтік желілерде уақыт өткізеді, бірақ кибербуллингке тап болуы мүмкін.	Балаларға ғаламторда қауіпсіздік шараларын үйрету және уақытты жоспарлау қажет.
3	Оқушылар үшін ғаламтордың ықпалы өте мықты.	<u>Пайдасы:</u> онлайн оқыту, білім алу мүмкіндіктері. <u>Зияны:</u> оқушылардың өзіндік ойлануын тежейді	Оқушылар онлайн платформалар арқылы білімдерін арттырады. Бірақ, дайын жауаптар әсерінен ойлау шектеледі	Уақытты тиімді пайдаланып, пайдалы контентке назар аудару керек.

PRES әдісінен бөлек, оқылымнан кейінгі тапсырма ретінде «**Нақты жағдаят**» әдісін ұсынуға болады. Оқушылар зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, пәнаралық білімдерін қолданып, жағдаяттың шешімін ұсынады. Бұл тапсырма мұғалімнің қолдауын қажет етпейтін тапсырма, сондықтан оқушылар жұпта талқылап, өз жауаптарын ұсынады. Тапсырманың дескрипторы негізінде оқушылар проблеманың туындауы туралы айтады; ойын дәлелдеуде мәтіндегі деректерді қолданады; проблемалық жағдайдың шешімін ұсынады. PRES әдісінен ерекшелігі ретінде тақырыпқа сай актив сөздерді орынды қолданады; өзіндік көзқарасын мақал-мәтелмен немесе шығармашылық қиялдан туындаған ұрандарымен, шағын өлең жолдарымен қорытындылап жеткізеді. Мысалы, оқушылар жауаптарында «ақпараттық қауіпсіздік», «жалған

ақпарат», «байланыс» сияқты пәнаралық сөздерді жағдаят контекстіне сай тиімді қолданады. Қорытынды ретінде өз ойларын «Тез үйреніп, тез жойма», яғни ғаламтор көмегімен жылдам алынған білімді жылдам ұмытып, естен шығарма немесе «Ойлан, таңда, іске асыр» – «ақпаратты сенімді дереккөздерден ізде» сынды ұрандармен өз ойларын тиянақтап, ғаламторды жауапты пайдалану қажеттігімен тұжырымдайды.

Сабақты мәселеге бағдарланған оқыту негізінде білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігі берілген критерийлерге сай дамытылады:

- зерттеу белсенділігі қалыптасады;
- зияткерлік және мотивациялық құлшынысы артады;
- өз бетінше білім алуда тәжірибе жинақтайды;
- мәтінмен тиімді жұмыс жасау қабілеті жетіледі ;
- сұрақтар қою, деректер жинау, фактілерді талдау арқылы оқушылардың ойлау қабілеті дамиды;
- дәлелді жауап беруге, шешім ұсынуға дағдыланады.

Дидактикалық тұрғыда қарастыратын болсақ, білім алушылар тарапынан алынған білімнің нәтижесі сан түрлі болып келеді. Әркім өзінің ойын, тұжырымын айтуға мүмкіндік алады. Бұл креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытатын ең негізгі құндылық бағдар болып табылады. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға функционалды-синергетикалық, функционалды-коммуникативтік тіл білімі заңдылықтарын оқыту нәтижесінде қол жеткізуге болады. Оған дыбыстың мағына ажыратушылық қызметінен бастап, мәтінге дейін интерпретация жасауға мүмкіндік беретін заңдылықтары және «ұғыну – сөйлеу – тілді қолдану» үштігі интеграциясында кешенді түрде зерттелуі негіз болады [51, 63-64б.]. Оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруда бұдан бөлек дидактикалық ойын түрлері тиімді деп танылды. Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды өту барысында ескеруге тисті жайттарды анықтайды. Олар: дидактикалық ойындар оқушылардың білімін, сөйлеу тілін, тіл мәдениетін жетілдіруін; оқушылардың жеке тұлғалық, көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеуге арналғандығын; оқушылардың білімін сатылап көтеру жолдарын: ойындардың қызғылықты болуын, сол арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру жолдарын ескеруі қажет [52,13б.]. Яғни, тілді оқыту барысында грамматикалық тақырыптарға қызығушылықты табиғи жолмен еселеуде ойын элементтерінің маңызы зор. Бұл жөнінде Е.И.Пассов ойын түрлерін оқу үдерісінде қолданудың мынадай артықшылықтарын көрсетеді. Атап айтқанда, белгілі бір дағдыны қалыптастыруда – біздің жағдайда бұл оқу-танымдық құзыреттіліктің құрауыштары саналатын өзіндік жұмыс, коммуникативтік дағды, т.б. дағды түрлерін дамытуда; тілдік білікті дамытуда, қабілеттілік пен психикалық дағдыны қалыптастыруда, тілдік материалды есте сақтауда ықпалы зор деп анықтайды [53]. Жасөспірім санасында грамматикалық тақырыптарды ойын арқылы меңгерту әдістемесін қалыптастырудың ірі теоретигі Д.Б.Эльконин болса, ойын сабақтарының ортада уәждемелік-қажеттілікті дамыту құралы; таным құралы; ақыл-ойды арттыру құралы; өзін-

өзі тану, қалыптастыру құралы қызметтерін атқара алатындығын атап көрсетеді [54].

Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруда проблемалық оқыту әдісінің маңызы зор, себебі бұл әдіс білім алушыларға өз бетінше шешім қабылдауды, өз пікірлерін дәлелдеуді және ғылыми тұрғыдан ойлауды үйретеді. Оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруда проблемалық оқыту әдісін қазақ тілі сабақтарында лексикалық тақырып пен грамматиканы ұштастырып қолдану — нәтижесінде оқушыларды қазіргі заманның талаптарына сай қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады деп танылды.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқу-танымдық құзыреттілік – бұл оқушының өзінің білім алу процесінде белсенді қатысуы, алған білімін өмірде қолдана білу қабілеті, шығармашылық және аналитикалық ойлау, сондай-ақ білімді тереңдету мен кеңейту үшін қажетті дағдыларды меңгеру. Бұл құзыреттілік тіл білімінде, әсіресе грамматикалық материалдарды меңгеру кезінде айқын көрінеді, себебі грамматика тек тілдің құрылымын анықтап қоймай, оқушылардың жалпы оқу дағдыларын, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады. Грамматикалық білімді жүйелі түрде меңгеру оқушының жалпы танымдық құзыреттілігін арттыруға және тілдік дағдыларын тереңдетуге ықпал етеді.

Грамматикалық материалдарды дұрыс меңгерту тек тілдік формаларды үйренуді ғана қамтиды, сонымен қатар тілдік ойлауды қалыптастырады. Тілді дұрыс қолдану үшін грамматикалық құрылымдарды түсіну мен қолдану маңызды дағды болып табылады, ол оқушыларға өз ойларын дұрыс, түсінікті әрі нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай дағдылар оқушылардың мәтіндерді түсінуін тереңдетіп, өз ойларын дәлелдеп, талқылау барысында жоғары деңгейде сөйлеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, грамматикалық формаларды дұрыс пайдалану арқылы оқушылар өз пікірлерін құрылымды түрде жеткізе алады, сөйлемдер мен мәтіндердегі логикалық байланыстарды түсінеді, мәтіндерде тұрған мағыналарды дұрыс ашады. Бұл үрдіс олардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудың негізі болып табылады.

Грамматикалық білімді меңгеру барысында оқушылар тек теориялық білім алмайды, сонымен қатар олар практикалық дағдыларға ие болады. Әр түрлі грамматикалық конструкцияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері шыңдалып, танымдық белсенділігі артады. Бұл процесс оқушыларға өз бетімен тапсырмаларды орындау, мәтіндер құрастыру, грамматикалық нормаларды сақтай отырып, сөйлеу қабілеттерін дамыту мүмкіндігін береді. Оқушылар грамматикалық қателерін өз бетімен түсініп, оларды түзету арқылы өз білімдерін жетілдіреді, бұл оларға тілде еркін сөйлеу мен жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл үрдіс тек қана грамматикалық білімді арттырып қоймай, сондай-ақ өздігінен білім алу қабілетін дамытады.

Дидактикалық аспектіден қарағанда, грамматикалық материалдарды меңгерту кезінде түрлі әдіс-тәсілдер мен әдістемелерді қолдану маңызды

болып табылады. Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр оқушының мүмкіндігін ашатын, оқыту процесін тиімді жүргізетін әдістерді қолдануы оқу-танымдық құзіреттілікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мысалы, коммуникативтік бағыттағы әдіс-тәсілдер грамматикалық білімді қалыптастыра отырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіреді, олардың сөйлеу қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың грамматикалық білімдерін тексеру, қайталау және тереңдету үшін интерактивті тапсырмалар мен онлайн ресурстарды қолдануға болады. Бұл тәсілдер оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі қызықты етеді, олардың танымдық белсенділігін арттырады.

Грамматиканы оқытуда белсенді оқу тәсілдерін пайдалану өте маңызды. Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара ынтымақтастық оқу процесін жандандырып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеп, грамматикалық қателерді түсініп, оларды түзетуі олардың өзіндік білім алу процесіне белсене қатысуына ықпал етеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігін ғана емес, сонымен бірге олардың жеке тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға да көмектеседі. Олар өз бетімен білім іздеуді үйреніп, ойлау мен талдау қабілеттерін арттырады, бұл оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Грамматикалық материалдарды меңгеру арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттыру – бұл тек тілдік білімді тереңдетудің ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жалпы интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Оқушылар грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану арқылы өз ойларын жүйелі түрде айта алады, мәтіндерді дұрыс түсініп, оларды сараптап, өз пікірлерін қалыптастырады. Сонымен қатар, грамматикалық білімді дұрыс меңгеру олардың жалпы білім алу қабілетін арттырып, шығармашылық ойлау мен сыни пікір білдіру дағдыларын дамытады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігін арттыруға үлкен ықпал етеді.

Қорытындылай келе, грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттыру – бұл оқушының тілдік дағдыларын қалыптастыру мен ойлау қабілетін дамыту процесінің маңызды кезеңі. Мұғалімнің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолдануы, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру – осы мақсатқа жетудің негізгі жолдары болып табылады. Оқушылар грамматикалық білімді терең меңгеру арқылы тек тілде еркін сөйлеу ғана емес, сондай-ақ жалпы танымдық қабілеттерін арттыруда да жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

2. ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ПРАКТИКАСЫ

2.1 Оқу-танымдық құзіреттілікті дамытудың ұстанымдары

Оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда өздерінің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын жетілдірудің маңыздылығын түсіну маңызды рөл атқарады. Бұл құзіреттілік оқушылардың өздігінен білім алу, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану және зерттеу дағдыларын дамыту қабілетімен тығыз байланысты. Оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін өзіндік талабы мен ережелерін негізге алу қажет. Ол ереже оқытудың ұстанымдары болып саналады. Ұстаным – жетекші идея, негізгі талап деген мағынаны білдіреді. Оқытудың ұстанымдары мен оқыту талаптары – оқыту үдерісінің тімді және мазмұнды болуын қамтамасыз ететін негізгі заңдылық. Білім беру теориясының оқыту ұстанымдары тарихи нақты әрі белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді бейнелейді. Сондықтан тілді оқыту әдістемесінде ұстанымдардың жалпы дидактикалық, жекелеген әдістемелік және оқытудың арнайы мақсатына қызмет ететін ұстанымдарды ажырату қалыптасқан.

Тілді оқытуда дидактикалық ұстанымдар маңызды орын алады. Ұстаным (принцип, лат. – басы) – бұл педагогикалық білім алу мен оның жүйесін құру негізіндегі, сондай-ақ танымдық және қайта құру әрекеттері немесе басқа педагогикалық нысан негізіндегі неғұрлым жалпы, маңызды әрекет туралы бастапқы ережелер. Педагогикалық ұстанымдардың әдіснамалық рөлі педагогика ғылымында терең зерттелген. Ұстаным – педагогикалық болмысты тану мен қайта құру үдерісін бағыттаушы және зерттеуші фактілер, ұғымдар, заңдар және теориялардың арасындағы тұтастық байланысын қамтамасыз ететін ғылыми танымның ерекше үлгісі. Жалпы алғанда, ұстаным дегеніміз – педагогикалық теорияны құру немесе іске асырудың негізінде жататын негізгі идея [55]. Дидактик ғалымдар өздері қолданған әдістеріне сай ұстанған ұстанымдардың түрін де, санын да өзгертіп отырады. Дидактикалық ұстанымдар туралы алғашқы зерттеулер Я.А.Коменскийден басталса, орыс тілін оқыту әдістемесінде К.Д.Ушинский, қазақ тілін оқыту әдістемесінде Ы.Алтынсарин бірінші тұжырым жасаған. Ы.Алтынсарин оқыту принциптеріне: түсініктілік принципі, көрнекілік принципі, жаттығу принципі, өз бетінше оқыту, саналылық принципін ұсынған [56]. Мысалы, Б. Құлмағанбетова еңбектерінде [57] дидактикалық ұстанымдардың сегіз түрі қамтылған. Оның ішінен ерекшесі ретінде *алдын ала болжау* ұстанымын айтуға болады.

Ы.Маманов өзінің «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту» атты еңбегінде: 1. Оқу процесіне оқушылардың саналы және белсенді қатысу; 2. Оқыту ісінің көрнекі түрде өтуі; 3. Үйретілетін материалдардың жүйелі тәртіппен берілуі; 4. Оқушылардың алған білімдері мен дағдыларының тұрақты, берік болуы [58,126.] деген ұстанымдарды ұсынса, ғалым Н.Оралбаева мен К. Жаксылықованың «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде мынадай ұстанымдарды ұсынады: 1.Оқу материалын саналы меңгерту; 2. Оқу материалының ғылымилығы; 3.

Дидактикалық жүйелілігі мен жалғастығы; 4. Материалдың оқушының қабылдауына сәйкестігі; 5. Жеңілден ауырға; 6. Теория мен тәжірибенің байланысы; 7. Көрнекілік ұстанымы; 8. Оқу мен тәрбие ісінің бірлігі [59,266.]. Аталған еңбекте дидактикалық принципте оқу-тәрбие үрдісінде басшылыққа алынатын педагогикалық қағида және оқытудың мазмұнын ұйымдастыру формасы мен әдістеріне қойылатын талаптар белгіленеді. Ол талаптар барлық пәнді оқыту ісінде басшылыққа алынады.

Ал Ж.Балтабаева өзінің «Студенттердің тілін дамыту әдістемесі» еңбегіндегі ұсынған оқытудың бірнеше ұстанымының ішінен *кешенді ұстаным, тілдік сезімге сүйену және оны дамыту* ұстанымдары ерекшеленеді. Ғалым: «...тіл дамыту бағыттары кешенді жұмыстар бойынша жүргізілуі қажет. Ондай жұмыстар морфологиялық жаттығулар, іскерлік ойындар, ойталқы, ойбөліс, шығармашылық, т.б. тапсырмалар кешенді түрде орындалса ғана нәтижелі болады» [60]- деп нақтылайды.

Грамматикалық материалдарды меңгерту барысында оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамыту әдістемесінде қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын ұстанымдардың анықталуы қажет. Ғалым Ә. Исабаев ұстанымдарды былайша топтастырады: ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік ұстанымы, байланыстыру ұстанымы, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы [61,5-33б.]. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы басқа зерттеуші-әдіскерлер еңбектерінде кездеспейді.

Қазақ тілін қатысымдық әдіс арқылы оқыту барысында ғалым Ф.Оразбаева мынадай ұстанымдарды ұсынады: 1. Тіке байланыс; 2. Адамның жеке қабілетін ескеру; 3. Сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау; 4. Сатылап даму; 5. Динамикалық өзгеру; 6. Өзектілік.

Бұл қатысымдық әдісті пайдаланудың тиімді жолы деп оның тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруын айтады [62,141б.]. Ал динамикалық өзгеру ұстанымын тілді оқыту барысында барлық іс-әрекеттердің, жұмыстардың, қолданылатын құралдар мен материалдардың жалпы қатысымдық әдістің, іске асуы үшін қажет құрамды бөлшектердің жетіліп, өзгеріп отыруын қадағалайтын ұстаным ретінде қарастырады. Яғни, бұл ұстаным негізінде оқытудағы жаттығулар мен мәтіндер, тапсырмалар мен тақырыштар т.б. ғана өзгеріп қоймай, қатысымдық әдіске әсер етуші сыртқы және ішкі түрткілердің өзі де, мәні мен маңызы да өзгеріп, дамып отырғанда адамдардың қарым-қатынасындағы сөйлесу, пікірлесуі де жоғары мәдениеттілікке көтерілетіні айқындалады. Алайда, қазіргі білім беру жүйесінде бұл үдерісті жүзеге асыруға кедергі келтіретін бірқатар қайшылықтар бар. Бұл қатарға оқушылардың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы мен білім беру жүйесінде оны жүзеге асыруға қажетті бірыңғай технологиялық стандарттарының толықтыруды қажет ететіндігі байқалады. Қазіргі уақытта оқушылардың өздігінен білім алу, зерттеу жүргізу, шығармашылық жұмыстармен

айналысуға деген қызығушылығы бар. Алайда, олардың өзіндік жұмысын жүйелі жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар мен стандарттар жетіспейді. Бұл оқыту үдерісінде қиындықтар туғызып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін [63].

Қазақ әдістемесінде Н.Ж. Құрманова тіл дамыту жаттығуларын жүргізуге негіз болатын бірнеше ұстанымның түрін негізге алады. Олар мыналар: 1. Оқытудың өмірмен байланыстылығы ұстанымы; 2. Оқу -танымдық қасиеттің жүйелілігі ұстанымы; 3. Оқушының жас ерекшелігін, даму ерекшеліктерін ескеру ұстанымы; 4. Оқу материалының ғылымилық, түсініктілік ұстанымы; 5. Оқушының саналылықпен білім алу ұстанымы; 6. Түрлі әдістер мен тәсілдердің, көрнекілік пен оқыту құралдарының үйлесімді қолданылу ұстанымы [64].

Ғалым М.М.Жанпейісова өзінің зерттеу еңбегінде: «Педагогикалық ұстанымдар бұл білім берудің негізгі мақсаттарымен байланысқан мазмұн, формалар мен әдістердің күрделі жүйелері, мұнда әр позиция өзара әрекеттесіп, нәтижесінде оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды», – деп педагогикалық ұстанымдар жайлы тұжырымын нақтылайды [65]. Яғни, әдістеме пән ретінде кімді, нені және қалай оқыту мәселелерін қарастырса, оның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын педагогикалық ұстанымдар сонымен бірге қалай нәтижелі оқытуға болады деген мәселені қамтиды. Ондағы басқыштар мен талаптар өзара бірін-бірі толықтыра отырып, оқушының даму үдерісінің жан-жақты аспектілерін назардан тыс қалдырмайды. Оқыту ұстанымдарын зерделей қарастырғанда әр педагог-ғалым өзіндік ғылыми көзқарасы мен тәжірибесіне орай жаңа ұсыныстарын енгізіп отырғандығын байқауға болады. Бұл ғалымның зерттеу жүргізген кезеңі, ондағы заман талабы және қажеттіліктеріне, технологиялық даму жағдайларына байланысты әрі тәуелді болғандығы белгілі. Дегенмен барлығының мақсаты мен мазмұны өзара орайлас, өз заманының озық үлгілерінің қатарына ене отырып, педагогика ғылымының қалануына зор үлесін тигізіп отырған.

С. Воровщиков бұл құзыреттілікті білім беру мен қоғамға ортақ әмбебап құндылық ретінде қарастырады. Ол оны білім беру және танымдық іс-әрекетті жүзеге асыру деңгейі ретінде сипаттайды [66]. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті белсенділігін арттырудың түрлі тәсілдері бар. Сабак мазмұнына сай ойлаудың түрлерін үйрету, яғни саралау, жинақтау, салыстыру, маңызды ақпаратты іріктеп алу, қорыту, тұжырым шығару секілді білік, дағдыларды меңгерту білімгердің оқу-танымдық үдерісін шыңдайды [67,120б.]. Бұл деңгей қоғам мәдениетіндегі құндылықтар, таным әдістері мен принциптер жүйесіне сәйкес келеді. Ғалымның пікірінше, бұл құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі қағидалары және аталған қайшылықтарды шешу үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- оқушылардың өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған әдістемелік құралдар мен бірыңғай технологияларды әзірлеу;
- ізденіс пен зерттеуге негізделген оқу тапсырмаларының үлесін арттыру.
- білім мазмұнының әдіснамалық құрамдас бөлігін күшейту;

- білім берудің практикалық бағытын қамтамасыз ету;
- білім мазмұнының тұлғалық бағытын дамыту.

Мұндай қарама-қайшылық кәсіби білім беру ұйымдары оқушыларының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың өзін-өзі дамыту мәселесінің өзектілігіне ерекше назар аударуды талап етеді, сондай-ақ даярлықтың өнімділігін арттырудың оңтайлы әдістері мен құралдарын іздеудің қажеттілігін айқындайды. Бұл оқу үдерісін оңтайландыру және оқушылардың ізденістік әрекетіне жағдай жасау арқылы жүзеге асады.

Бұл факторлар заман талабы бойынша оқушы бойындағы жан-жақты дамуын қиындатып, мәселенің басымдыққа ие екенін растайды. Осы себептен берілген зерттеу жұмысы аясында оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін арттырудың ұлттық және отандық білім беру жүйесі бойынша өзіндік даму ұстанымдарын негіздеу талабы туындады.

Оқу-танымдық құзыреттілікті дамыту оқушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың өзін-өзі дамытуына, сыни ойлауын жетілдіруге және өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, мектептерде оқу үдерісін оңтайландыру, ізденіс пен зерттеуге бағытталған тапсырмаларды енгізу, мұғалімдердің әдістемелік даярлығын жетілдіру мәселелері өзекті болып қала береді. Яғни, оқу танымдық құзыреттілікті арттыруға бағытталған сабақ үлгісі қазіргі сабақ жоспарының жүйесімен жүреді. Мақсат қою, мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды орындау және оқушының сабақ барысындағы өз әрекетіне рефлексиясы сынды кезеңдер оқушылардың оқу-танымын арттыруда және өзін дамыту жолында тиімділікті көрсетеді. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу жүйесінің заңдылықтарын, ұстанымдарын және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Белсенді әдістердің мақсат-міндеттерін ғалым Ж.Н. Сүлейменова еңбегінде нақтылап көрсетеді: «Оқытудың белсенді әдістерінің мақсаты – адамның технологиялық әрекеті негізінде адам факторының алға шығуына байланысты оқуда танымдық уәжді, қызығушылықты, серпінділікті, қарқындылықты қамтамасыз ету, оқыту үдерісін тұлғаның белсенді, шығармашылық, өзіндік оқу әрекетіне құру...» [68,71б.]. Яғни, оқыту әрекеті белсенділікке негізделгенде тұлғаның ақпаратты қарқындылық әсерінен өнімді қабылдауы анықталады. Бұл оқыту әдісінің тиімділігі адамның физикалық әрекеті мен ақыл-ой әрекеттерін қатар ала отырып іске қосумен ерекшеленеді, сәйкесінше оқушының оқу әрекетін өз икемінше құруына мүмкіндігі пайда болады.

Педагогика саласында оқытудың ХХ ғ. Және одан да ерте пайда болған және бүгінгі күні де өнімді қолданылып келе жатқан оқыту ұстанымдары белгілі. Олар А.Байтұрсынұлының жеңілден күрделіге сатылай бағыттап оқыту, Р.Занковтың күрделіден бастап оқушыны білімін жедел дамытып отыруына бағытталған оқыту ұстанымы, жақын даму аймағы – оқушыға ересектердің бастапқы көмегін көрсете отырып оқыту үрдісін тиімді ету, И.Махмудовтың проблемалық оқыту теориясы, т.б. Оқу-танымдық құзыретті арттыру мәселесінде аталған оқыту ұстанымдарының тізімінен табылатын негізгілердің бірі профессор Б.Д.Элькониннің пікірі. Оның тұжырымы

бойынша дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге көзқарастары терең және көріп-білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни дүние және оны тану үрдісі баланың сол үрдіспен толық шұғылдану және қызығу (назарды ұзақ уақытқа дейін сақтау), таныту жағдаятында пайда болады. Қазіргі заманғы жаңашыл жағдайларда жаңашыл міндеттер туа бастады, соның негізгісі – дамыта оқыту педагогикасын қалыптастыру, яғни дамыта оқытудың педагогикалық не балалық психологиясын емес, дамытушы білім берудің жүйесін қалыптастыру екенін айтады [69, 125б.]. Бұл бағдарлы идеялар бүгінгі білім беру асыра қолдануын табуда. Себебі дамыта оқытуда оқу және оқыту – танымдық әрекеттің, яғни ойлау әрекетінің бір түрі, баланың дамуында шешуші рөл атқаратын әлеуметтік фактор. Мұндағы негізгі мақсат объективті дүниенің ғылыми жүйесін құру, өмірді сол жүйе арқылы тану, зерттеу.

Қазақстандық ғалым А. Жапбаровтың зерттеу еңбегінде дамыта оқыту мен дәстүрлі оқытуды салыстыра келіп, мынандай қорытынды жасалады: «Дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (экстенсивтік, сандық, мазмұндық) әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділі) әдіснама жатыр деп айтута болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді білу керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеру мақсат тұтатын ұстанымдарға негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, еске сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді» [70,108б.]. Аталған оқыту ұстанымында жиі қолданылатын әдіс түрі салыстыру әдісі – дамыта оқыту технологиясының тиімді де белсенді түрі. «Әсіресе сөйлемдер синтаксисін оқыту кезінде де үнемі жүргізілуге тиіс тәсілдердің бірі – мағыналарын мен қолданыстарына қарай салыстыра оқыту» [71], - дейді Г.Косымова. Өзара ұқсас теориялық бірліктерді салыстыра оқыту оларды айқын ажыратуға, айырмашылығын дәл де анық айқындап үйренуге жол ашады. Бұл зерттеу жұмыстың зерттеліп отырған сыныптарының білім беру мазмұнына қажетті ұстаным ретінде танылып отыр.

Оқу-танымдық әрекеттің іске қосылуына, оқушы ізденісіне түрткі жасау арқылы оны зерттеуші, ізденуші биігіне дейін көтерілуі жөнінде осы оқытудың негізін салушылардың бірі В.В. Давыдов былай дейді: «Процесс усвоения знаний может проходить в результате самостоятельного поиска путем решения познавательной задачи. Решение задачи служит одним из средств овладения системой знаний тому или иному учебному предмету и в то же время способствует развитию самостоятельного творческого мышления» [72,40б.]. Яғни, оқыту процесінің тиімділігі педагогикалық принциптерді дұрыс қолдануға тікелей байланысты. Бұл принциптер ғасырлар бойы қалыптасып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Олар білім беру мазмұнын анықтауға, оқыту әдістерін таңдауға және оқу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған. Сәйкесінше бұл білім алушының бойындағы өнерпаздық пен креативтілікті оның шығармашылық әрекеті арқылы көрсетеді.

Білім беру жүйесінде қолданылатын негізгі принциптерді алғаш рет Я. А.

Коменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци және К. Д. Ушинский еңбектерінде кездестіруге болады. Аталған ғалымдар оқытудың құрылымы мен мазмұнын терең зерттеп, оның тиімділігін арттыру үшін түрлі қағидаларды жүйеледі. Әсіресе, Я. А. Каменский оқытуда көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, саналылық және белсенділік сияқты қағидаларды ұсынса, К. Д. Ушинский олардың психологиялық негіздерін ашып көрсетті. Мұғалімнің жұмысы осы принциптерге сүйене отырып ұйымдастырылса, білім беру сапасы артып, оқушылардың оқу жетістігі жоғарылайтыны анық. Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың білім беруде ұстанатын ұстанымдары зерделене отырып, 7-8 сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай грамматикалық тақырыптарды меңгерту арқылы оқу-танымын арттыруға бағытталған ұстанымдар келесідей нақтыланды.

Ғылымилық ұстанымы оқу материалдарының ғылыми негіздемелерге сүйенуін талап етеді. Білім беру мазмұны ғылыми жаңалықтарға сәйкес болуы керек, ал мұғалім оқушыларға ғылыми көзқарасты қалыптастыруға көмектесуі қажет. Оқу барысында ғылыми ұғымдарды жүйелі түрде енгізіп, оларды түсіндіру және тәжірибеде қолдануға бағыттау маңызды. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін оларды зерттеу әдістерімен таныстырып, шығармашылық әрекетке баулу қажет. Оқытудың бұл принципін жүзеге асыру арқылы оқушылар танымдық қабілеттерін дамытып, ғылыми білімді күнделікті өмірде қолдануды үйренеді.

Кез келген пәнді оқып меңгеру үшін оқушының меңгеруіне тиісті деп танылған мәліметтерді белгілі бір жүйеде берудің мәні зор. Ғалым Ф.Оразбаева бұл жөнінде: «Оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру мен жетілдіру тіл білімінің салалары мен материалдарын тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен ерекшеленеді», – деген пікір білдіреді. [62,45б.]. Демек мақсат оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытуды **жүйелілік ұстанымына** сай, белгілі бір жүйеде, тізбектеліп берілуі қажет, теориялық мәліметтерді жаңа біліммен алдыңғы тақырыппен байланыстыра әрі селбестіре отырып үйретілуі тиіс.

Я.А. Коменский «оқытудың алтын ережесі» атаған **көрнекілік ұстанымы** да – оқу-таным әрекетін іске қосуда тиімді әрі ең қажетті ұстанымның бірі. Ғалым: «Көрінетіннің бәрін көзге, естілетіннің бәрін құлаққа, сезілетіннің бәрін қолға беру керек», [73] – деп, оқытудың көрнекілік ұстанымы мәліметті қабылдауда адамның барлық сезім мүшелерінің қатысуын талап етеді. Көрнекілік ұстанымы сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы тілдік дағдыны қалыптастыруда, теориялық материалды тануда, мәліметті берік есте сақтауда тиімді қолданылады.

Саналылық пен белсенділік принципі білімді саналы түрде меңгеру қажеттілігін алға тартады. Бұл қағидаға сәйкес, оқушылар жаңа ақпаратты жай ғана есте сақтамай, оның мәнін түсініп, тәжірибеде қолдана білуі керек. Мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың қызығушылығын оятатын әдістерді қолдануы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалының мазмұнын оқушылардың тәжірибесімен байланыстырып

түсіндіру маңызды. Оқушылар өз бетімен білім алуға дағдыланған жағдайда ғана олар алған білімдерін терең меңгере алады. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың өздігінен ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынуы керек. Белсенді оқыту әдістерін пайдалану арқылы білім беруді тиімді ұйымдастыруға болады.

Белсенділік оқушының іс-әрекеті негізінде жүзеге асуы керек. Яғни, нәтиже өзін-өзі бақылау, өз бетінше жұмыс орындау кезінде және т.б. жағдайларда көрінеді. Осы тұстан **білім алушылардың өз бетімен іздене білу ұстанымы** көрініс табады. Аталған ұстаным негізінде оқушының өзі ізденуі, әрекет етуі жоғарыда аталған саналылық пен белсенділігіне тікелей байланысты. Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытуда өз бетімен іздене білу өте маңызды. Сабақ барысында белгілі бір әдіс пен тапсырманың құрылымы, қолданылу барысы, қазақ тілін оқытудағы тиімділігі жан-жақты талданып берілсе де, оқушы жеке отырып ізденімдік жұмыс жасамаса тиісті нәтижеге жетпейді. Оқушының өз бетінше жасайтын ізденімдік жұмысы – олардың оқу-танымдық әрекетінің ерекше түрі [29,84б.].

Теорияның тәжірибемен байланысы ұстанымы берілген білімді практикада бекітуде маңызды. Теориялық білім мен тәжірибе білім алушыларға дұрыс бағдар беріп, белсенді іс-әрекетке жетелейді. Ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру, функционалды сауаттылыққа баулу сынды мақсаттарды алға қойған қазіргі оқыту үрдісі білім мазмұнының сапалылығын арттырады.

Дидактикалық принциптерді тиімді қолдану оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырады. Оқытудың сапасын арттыру үшін мұғалім дидактикалық принциптерді басшылыққа ала отырып, оқыту әдістерін дұрыс таңдап, оқушыларды белсенді білім алуға ынталандыруы қажет. Педагог Л.Выготский: «Баланы оқыту – «сыртқы реттеуден» «өзіндік реттеуге» ілгерілеу үдерісі»[74] пікіріне сәйкес, оқу процесі тиімді ұйымдастырылған жағдайда, оқушылар алған білімдерін өмірде еркін қолдана алады.

Білімнің беріктігі – оқыту сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бұл принципке сәйкес, алынған білім ұзақ уақыт есте сақталып, қажет болған жағдайда қолдануға қолайлы болуы керек. Білімнің беріктігі жүйелі қайталау жұмыстарын жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оқу материалын нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру білімді терең әрі ұзақ мерзімге есте сақтауға көмектеседі. Оқытудың бұл принципін іске асыру үшін мұғалім оқушылардың алған білімдерін іс жүзінде қолдануына жағдай жасауы қажет. Тек жаттау әдісі емес, логикалық байланыстыру, салыстыру, талдау сияқты тәсілдер арқылы оқыту білімнің беріктігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқыту принциптері өзара тығыз байланыста болады және оларды тиімді қолдану педагогикалық ережелер арқылы жүзеге асырылады. Дидактикалық ережелер оқыту принциптерін тәжірибеде қолданудың нақты жолдарын көрсетеді. Дегенмен, мұғалім бұл ережелерді механикалық түрде орындамауы керек, керісінше, оларды шығармашылық тұрғыдан қолдана білуі қажет. Егер педагог оқыту процесін дұрыс ұйымдастырып, оқыту әдістерін оқушылардың деңгейіне сай икемдей алса, онда білім беру үдерісі тиімді әрі нәтижелі

болады. Сондықтан оқыту принциптерін үйлесімді пайдалану арқылы оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау – әрбір мұғалімнің басты міндеті.

«Оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру мен жетілдіру тіл білімінің салалары мен материалдарын тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу құралдары мен амалдарын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлесім әрекетінде тиімді пайдалана білумен ерекшеленеді» [62,45б.]. Яғни, қазақ тілін пән ретінде оқыту барысында алға қойылатын бағдар кез-келген

2.2 7-8 сынып қазақ тілін оқытуға арналған тапсырмалар жүйесі


Қазақ тілін оқытуда 7-8 сынып оқушыларының оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруға бағытталған тапсырмалардың тақырыбы ретінде аталған сыныптардың білім беру мазмұнындағы тиімді деп танылған бес тақырып іріктеліп алынды. 7-8 сынып қазақ тілі пәні бойынша оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға ең тиімді деп танылған әр сынып бойынша бес тақырыпқа негізделген тапсырмалардың үлгілері ұсынылды. Тапсырмалар орындалатын платформалар, олардың шарты, тиімділігі мен нәтижесі оқушылармен жұмыс барысында анықталған белгілері бойынша айқындалды.

7-сынып бойынша тапсырмалар

1 бөлім. Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика

Домино ойыны

Шарты: Классикалық домино ойынының шарттары бойынша жеңілдетілген карточкалы ойын барысында сіздің алдыңызда ойнатылған карточкадағы қойылған сұраққа қолыңыздағы жауап орналасқан бөлікпен тіркеп орналастыру. Әрбір карточканың сол жағында алдыңғы сұраққа жауап, оң жағында келесі ойыншыға сұрақ орналасқан. Мақсат – сұраққа дұрыс жауап беру арқылы қолыңыздағы карточканы тіркеп, одан арылу.



2-сурет. «Домино» тапсырмасының үлгісі

Тиімділігі: Карточкадағы сұрақтар мен жауаптар аталған бөлімнің тақырыбы бойынша материалдарды қамтиды. Онда сөйлеу тіліндегі

интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдануға бағытталған теориялық және практикалық тапсырмалар, бөлім бойынша лексикалық, ұлттық танымды дамытатын атаулар енгізілген. Оқушы тек грамматиканы меңгеріп қана қоймай, мақал-мәтел, тұрақты тіркес, ұғым атауын есіне түсіру арқылы олармен жұмыс жасап, актив лексика қорына енгізеді.

Нәтижесі: Карточкамен жұмыс тиімді жүзеге асады, уақыт шектеулігі мен жылдамдықты қажет ететіндігінің арқасында сұрақтар тез оқушы ойында сараланып, қолындағы жауапты жылдамдыққа тіркеу арқылы тақырып бойынша керекті лексикалық бірліктер, грамматикалық ережелер бала есінде жақсы сақталып қалады. Карточка формасының шағындығы, қанық түсі әрі әйгілі домино ойынының шарттары бойынша жүзеге асатындығы оқушының дидактикалық ойынға қызығушылығын арттырады.

2 бөлім. Денсаулық – зор байлық. Лексика.

Платформа: bookwidgets.com

Шарты: Сөзжұмбақты шешу. Көлденең және тігінен жасырынған сөздерді мақал-мәтелдерді еске алу арқылы бос орындарды толықтыру.



3-сурет. Bookwidgets платформасындағы сөзжұмбақ тапсырмасы

Тиімділігі: Оқушы тақырып бойынша меңгерілген мақал-мәтелдерді еске түсіре отырып, халық даналығын актив лексикасына айналдыруына, тілінің көркемделуіне жол ашады. Тапсырма қате орындалған жағдайда сөзжұмбақты қайта шешуге мүмкіндігі болады. Осылайша оқушыларда «қатемен жұмыс» орындалып, мақал-мәтелдерді өздігінен, не сыныппен ойын арқылы тиімді жаттай алады.

Нәтижесі: Тапсырма оқушылардың мақал-мәтелдерді мәні мен мазмұнына сай ажыратып, ондағы жасырынған сөздерді контекст бойынша еске түсіруі арқылы халық даналығы жайлы білімі толығып, оны практикада, яғни ауызекі тілде, жазбаша мәтінде, контексте өзара қолданып, бір-бірінің білімін толықтыруда оңтайлы формат болды.

3 бөлім. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология.

Платформа: fobizz.com

Шарты: етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті ажырату арқылы сұрақтарға дұрыс жауап беру және мәтінмен жұмыс жасау

Сүйіспеншілік пен достық.
Мәтінді оқындар.

Бай мен жарлы баласы

Асан деген бай баласы. Үсен жарлы баласы - екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ. Құр жұрты жатыр.

Асан айқай салып жылай бастайды. Үсен ойланып тұрды да айтты:

Жылағаннан еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табылық.
Үсен қарап жүріп біреуіне түсті:

- Мына сүрлеу бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен. Малдын жас тезегі бар, - деді...

Ы.Алтынсарин

Берілген үзіндіден етістіктерді тауып, сөз құрамына талдаңдар.

Insert answer...

Шын (Ш) және жалған (Ж) ақпараттарды ажыратыңдар.

Асан Үсенді әрдайым жұбатып жүреді.

Шын
 Жалған

4-сурет. Fobizz платформасындағы мәтінмен жұмыс тапсырмасы

Тиімділігі: Мәтін талдау тапсырмаларының етістік түрлерін ажыратуда тигізер пайдасы көп. Мәтінге мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап берер кезде әр оқушы өз ойын еркін білдіре алады, яғни сұрақ ашық сұрақ форматында. Оқушының мәтін мазмұнын қаншалықты анық түсініп оқығанын бағалау үшін астына дұрыс- бұрыс сұрақтарына берген жауабы арқылы анықталады. Грамматикалық тақырып мазмұны бойынша тест сұрақтары, сөз құрамына талдау тапсырмалары материалды есте берік сақтауда тиімді.

Нәтижесі: оқушы мәтінді тез қабылдайды, мазмұнын тез ұғып алып, онымен жұмыс жасау, анализдеу, негізгі ойды анықтау дағдысы дамиды. Ойын дұрыс жеткізе алмайтын, пассив оқушылар үшін ыңғайлы тапсырма түрі. Тапсырманы сыныпта жеке, интерактивті тақта арқылы немесе үй жұмысына ұсынуға болады.

4 бөлім. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология.

Платформа: tome.app

Шарты: Платформада ұсынылған тыңдалым, жазылым тапсырмаларын орындау; тақырып бойынша грамматикалық және лексикалық бірліктерді ажырату, оларды қолдана отырып ойды жеткізу.

Қазақ халқының ұлттық аспаптары

Жетіген Сазсырнай Сыбызғы Шартылдауык



Шаңқобыз Қылқобыз Қоңырау Дауылпаз



1-тапсырма
Суреттерге қарап, музыкалық аспаптардың кластерін құра. Ойынды дауыс ырғағы мен логикалық екпінді дұрыс қойып жеткіз.

2-тапсырма.
Қазақ өнерінде музыкалық аспаптармен өнер көрсетіп жүрген өнерпаз туралы шағын мәтін құра. Мәтінде фразеологизмдерді пайдалан.

5-сурет. Топеарр платформасындағы жазбаша жұмыс тапсырмасы

Тиімділігі: «Музыка және қазақтың киелі аспаптары» тақырыбы бойынша оқушылар платформада ұсынылған бейнероликті көру және тыңдау арқылы қосымша ақпарат алып, онымен тыңдалым жұмысын жасауында тиімді. Ұлттық аспап түрлері көрсетілген суреттерге назар аудара отырып, сөйленім немесе жазылым тапсырмасын орындау арқылы әр аспаптың атауы мен ерекшелігін есте сақтап, ұлттық танымдық білім қорын молайтады.

Нәтижесі: Оқушылар бір тақырып аясында жан-жақты жұмыс жасауға мүмкіндік алды. Тапсырма аясында бейнеролик арқылы жаңа әрі қызықты ақпарат алып, сөздікпен жұмыс, оның ішінде оқулықта берілген аспап атаулары мен ерекшеліктері жайлы ақпаратпен жұмыс жасау арқылы грамматикалық материалды лексикалық тақырыппен тиімді ұштастыра отырып меңгерді.

5 бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология

Шарты: Мәтіннен оқшау сөздерді табу: мәтін мазмұнына байланысты кестені толтыру

Тиімділігі: Грамматикалық тақырып нысаны – оқшау сөздерді өзге тілдік бірліктерден ажыратып, ерекшелігін байқау арқылы мәтіннен анықтау тапсырмалары бастапқы деңгейді құраса, мәтіннен кейінгі проблемалық сұрақ ретінде ұсынылған бейбіт өмір жастары мен соғыс кезеңі жастарын салыстыра, ойтолғау жүргізу, оқушылардың пікірлерімен танысу, қажет болған жағдайда толықтыру. Өз пікірлерін PRES тәсілі бойынша жеткізу арқылы оқушы аталған тарихи жағдайда жан-жақты көзқарас тұрғысынан саралап, білім қорын кеңейтеді.

Нәтижесі: Оқушылар оқшау сөздерді мәтіннен дәл тауып, олардың қызметі мен құрылымдық ерекшелігін басқа тілдік бірліктерден ажырата алады. Мәтін мазмұнын талдау арқылы грамматикалық білімдерін қолдану дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бейбіт өмір жастары мен соғыс кезеңіндегі жастардың өмірін салыстыру тапсырмасы арқылы тарихи-әлеуметтік мәселелерге байланысты ой қорытып, дәлелді пікір айту

кабілеттері артады. PRES тәсілі бойынша өз көзқарасын нақты жеткізе отырып, оқушылардың сыни ойлау, талдау, жүйелеу және коммуникативтік құзыреттіліктері дамиды. Тарихи тақырып аясында жан-жақты көзқарас қалыптасып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен функционалдық сауаттылығы артады.

Жастық шақ маған бір-ақ рет берілмеп па еді?! Сол кезімді әлдеқайда түнерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан бір айрылсам, оралар ма? Оралмайтынын мен жақсы білем, аһ, жақсы білем! Біз, жастар, өмір сүруге асыққан едік, жастық шағымыздың іші-тысы бірдей болсын деуші едік қой, солай емес пе, құрбыларым! Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді, балдырғанды бақшадан суырып әкетіп, осыған әкетпек. Мен дүниеде жиырма-ақ жыл жасадым ба? Бірақ дәл қазір талай бедірең боздақтар аттанған майданға мен де аттанбақпын.

Менің 19 жасымдағы бар ойым білім мен оқуда, қызмет жайында және несін жасырайын, атақ болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлайтынмын. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақыттысындар. Тыныш өмірдің гүлзарлары – сендерсіндер, ал біз... Ал біз, кәрлі соғысты заманның жастарымыз.

(Баубек Бұлқышев)

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жастар өз өмірлерін елдің азаттығы үшін құрбан етуге мәжбүр болды. Ал қазіргі жастар қоғам алдындағы қандай міндеттерді орындап жатыр? Бүгінгі бейбіт өмірде Отанға қызмет етудің қандай жолдары бар? Өз пікірлерінді PRES тәсілі бойынша жеткізіндер.

Кесте 4- PRES тәсілі бойынша оқушылардың болжамды жауаптар

P (көзқарас)	R (себеп)	E (мысал)	S (қорытынды)
Қазіргі жастар да өз елін дамыту мен қорғауға жауапты. Олар соғысқа бармаса да, білім алып, еңбек етіп, елдің өркендеуіне үлес қосуы керек.	Өйткені әр ұрпақтың өз заманына сай міндеттері бар. Бұрынғы жастар соғыс майданында ерлік көрсетсе, қазіргі жастар ғылым, білім, экономика және мәдениет саласында елге қызмет етуі тиіс.	Мысалы, көптеген жас қазақстандықтар халықаралық олимпиадаларда, ғылыми зерттеулерде жетістіктерге жетіп, елдің атын шығарып жүр. Сондай-ақ, еріктілер қозғалысы арқылы жастар экология, әлеуметтік қолдау және қайырымдылық істерімен айналысып	Демек, қазіргі жастар да Отан алдындағы жауапкершілігін сезініп, өз еңбектерімен, білімімен, бастамаларымен елдің дамуына үлес қосуы тиіс.

		жатыр.	
--	--	--------	--

Одағай сөздердің мағыналық реңктерін ажырату тапсырмасы

Шарты: Берілген сөйлемдердегі одағай сөздердің мағыналық реңкін ажыратып, сәйкестендіріп жазыңыз.

Тиімділігі: Оқушылар одағай сөздердің мағыналық реңктерін (сезім, эмоция, ерік, еліктеу т.б.) контекстке сай ажырату арқылы тілдік сезімталдықты дамытады. Сөйлемдегі одағайдың қолданылу мақсатын түсіну арқылы олардың қарым-қатынасқа әсерін таниды. Тапсырма оқушылардың грамматикалық білімін тәжірибеде қолдануға, мәтін мазмұнын терең түсінуге, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Нәтижесі: Оқушылар сөйлемдегі одағай сөздердің мағыналық реңктерін дұрыс сәйкестендіріп, олардың эмоциялық-экспрессивтік мәнін ажырата алады. Контекстке сай тілдік бірліктерді талдау арқылы сөйлеу және жазу барысында дәл әрі әсерлі ой жеткізу дағдысы қалыптасады. Эмоциялық бояуы бар сөздерге лексикалық-стистикалық талдау жасау арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен коммуникативтік құзыреттілігі артады.

1. Байқаймын, көңілі көтеріңкі. 2. Айтпақшы, олар ертең келетін болды. 3. Біріншіден, Әмірдің айтқаны дұрыс. 4. Мүмкін, ауылға анам да баратын шығар. 5. Жасыратыны не, қазіргі балалар телефонды бізден жақсы біледі. 6. Жолаушылар, әрине, мұндайға әбден үйреніп кеткен. 7. Амал қанша, қару-жарақ болмағандықтан қиналып қалдық. 8. Ең әуелі, балаларға көмектесу керек қой. 9. Қысқасы, партизандар бізге көп көмектесті. 10. Ақырында, оның ойлағаны дәл келді.

Кесте 5- Одағай сөздерге қатысты тапсырма үлгісі

Аңдау	
Назар аудару	
Реттілікті білдіру	
Болжау	
Мойындау	
Шарасыздықты білдіру	
Ойды қорыту	
Маңыздылықты білдіру	
Оқиғаны түйіндеу	
Ойдың даусыз екендігі	

8-сынып бойынша тапсырмалар

1 бөлім. Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография
«Тарихи ескерткіштер картасы»

Платформа: genially.com

Шарты: Күрделі-құрама жолмен жасалған жер-су, тарихи ескерткіштер атауларын дұрыс орфографиямен картада белгілеп, таныстыру жұмысын жасау; грамматикалық тақырып бойынша тест сұрақтарына жауап беру.



6-сурет. Genially платформасындағы тапсырма үлгісі

Тиімділігі: Оқушылар күрделі және құрама жолмен жасалған жер-су, тарихи ескерткіштер атауларын орфографиялық нормаға сай жазуға машықтанады. Картамен жұмыс істеу арқылы ізденімдік, зерттеу, жүйелеу және визуалды таныстыру дағдылары дамиды. Бұл тапсырма оқушылардың туған жер тарихына қызығушылығын арттырып, патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Нәтижесі: Оқушылар тарихи және географиялық атауларды орфографиялық талаптарға сай дұрыс жазып, картада сауатты белгілей алады. Өз жұмыстарын таныстыру арқылы танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті мен ақпаратты визуалды ұсыну біліктілігі артады. Сонымен қатар, тарихи санасы мен зерттеушілік дағдылары жетіліп, командалық жұмыс дағдысы қалыптасады.

2 бөлім. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика

Платформа: genially.com

Шарты: Кез-келген мамандық не кәсіп түрін таңдап, тек сол салада қолданылатын кәсіби және термин сөздерді қолданып, өз мамандығыңызды таныстырыңыз; шағын мәтін құраңыз.



7-сурет. Genially платформасындағы тапсырма үлгісі

Тиімділігі: Оқушылар грамматикалық материал ретінде кәсіби және термин сөздердің жасалу жолын, қызметін меңгере отырып, нақты салаға қатысты сөздік қорын жүйелейді. Мәтін құрастыру барысында лексика-грамматикалық бірліктерді орынды қолдануға машықтанады. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тілдік құрылымдарды мақсатты қолдануға үйретеді.

Нәтижесі: Оқушылар кәсіби бағыттағы сөздерді грамматикалық тұрғыдан талдап, дұрыс қолдана алады. Мамандыққа қатысты мәтін құрау арқылы тілдік бірліктерді танымдық мақсатта қолдану біліктілігі қалыптасады. Осы арқылы оқушының оқу материалын өмірмен байланыстырып түсінуі, пәнге деген қызығушылығы және функционалдық, оқу-танымдық құзыреттілігі артады.

3 бөлім. Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис

Тапсырма: «Қызыл кітап кейіпкері»

Платформа: padlet.com

Шарты: Қызыл кітапқа енген бір жануарды немесе өсімдікті таңдап, ол туралы қысқаша ақпарат жинау. Жиналған мәлімет негізінде сол жануар/өсімдіктің атынан 5–6 сөйлемнен тұратын хабарлама-хат жазылады. Құрастырылған сөйлемдердегі тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсіндіреді. Қызыл кітапқа енген жануарлардың жойылу мәселесі жөніндегі пікір білдіру.

Қазақстанның Қызыл кітабы

1. Қызыл кітапқа енген бір жануарды немесе өсімдікті таңдап, ол туралы қысқаша ақпарат жинақтаңыз. 2. Жиналған мәлімет негізінде сол жануар/өсімдіктің атынан 5–6 сөйлемнен тұратын хабарлама-хат жазыңыз. Мысалы: «Мен – Ақсу жанатымын. Мен тек таулы аймақта өмір сүремін. Адамдардың кесірінен орманым азайып барады. Жыл сайын менің туыстарым азия түседі. Мені сақтап қалу – бәрінің қолында!». 3. Сөйлем мүшелерін талдау: Әр топ өз мәтіннің оқиды да, сөйлемдеріндегі бастауышты, баяндауышты, толықтауышты, анықтауышты, псықтауышты белгілеп, не үшін қажет екенін түсіндіріңдер.

Шұбар күзен  <p>ҚАЗАҚСТАН 15.00 Қызыл кітап Sciurus hircus</p> <p>Мен – Шұбар күземін. Мен Қазақстанның далалы және шөлейтті аймақтарында тіршілік етемін. Табиғи мекенім жылдан жылға тарылып барады. Адамдар жерді игеріп, менің үйімді жойып жатыр.</p>	Қабылан  <p>ҚАЗАҚСТАН 30.00 Қызыл кітап Panthera pardus</p> <p>Мен – қабыланмын Бұрын мен Қазақстанның таулы аймақтарында көп болғанмын. Қазір менің мекенімде адамдар үйлер, жолдар салып жатыр. Сондықтан менің саным азайып кетті. Кейбір адамдар мені аулап, менің мекенімді жойып жатыр.</p>	Жалман  <p>ҚАЗАҚСТАН 5.00 Қызыл кітап Marmota bobak</p> <p>Мен – Жалманмын Мен Қазақстанның шөл және шөлейтті аймақтарында тіршілік етемін. Күндіз інімде тығыламын, түнде азық іздеймін. Қазіргі таңда менің саным қауіп төніп тұр. Адамдар жерді жытып, менің мекенімді жойып жатыр.</p>	Көкнәр  <p>100 ҚАЗАҚСТАН KAZAKHSTAN 2013 Papaver pavoninum Schrenk</p> <p>Мен – Көкнәрмін, нәзік гүлдердің бірімін. Мен таулы аймақтар мен жартасты жерлерде өсемін. Менің өсімді өлкемнің табиғатын қорғау маған өте маңызды.</p>	Қызғалдақ  <p>ҚАЗАҚСТАН KAZAKHSTAN 35.00 Қызыл кітап Tulipa schrenkii</p> <p>Мен – Қызғалдақпын Мен Қазақстан даласында көктем сайын гүл ашамын. Менің жапырақтарым нәзік, ал күлтелерім алуан түсті. Бірақ қазір менің түрлерім азайып жатыр.</p>
---	--	---	--	---

8-сурет. Padlet платформасындағы тапсырма үлгісі

Тиімділігі: Тапсырма оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамыта отырып, сөйлем мүшелері туралы грамматикалық білімдерін мәтіндік жұмыс арқылы меңгеруге бағытталған. Оқушылар Қызыл кітапқа енген жануар немесе өсімдік жайлы ақпарат жинау арқылы зерттеу, ақпаратты іріктеу, талдау және оны шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, хабарлама-хат құрастыру арқылы сөйлем құрылымын, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің сөйлемдегі қызметін нақты түсініп, тілдік құралдарды коммуникативтік мақсатта қолдануға үйренеді.

Нәтижесі: Оқушылар ақпаратты жинап, оны құрылымдық және мазмұндық жағынан жүйелеп, мәтін құра алады. Хабарлама-хат арқылы сөйлем мүшелерін ажыратып, олардың сөйлем құраудағы қызметін түсіндіреді. Табиғатты қорғау, жануарлар дүниесін сақтау сияқты әлеуметтік маңызды мәселелерге қатысты пікір білдіру арқылы экологиялық сауаттылық, сыни ойлау және тілдік құзыреттілік дамиды. Сонымен қатар, оқушылардың грамматикалық білімдерін нақты коммуникативтік жағдайда қолдану дағдылары жетіледі.

4 бөлім. Жасөспірім және заң. Синтаксис

Платформа: genially.com

Шарты: Оқушылар балалар мен жасөспірімдердің құқықтарына қатысты заңнамалық құжаттармен танысады. Мемлекет құжат мәтінінен өздеріне ұнайтын бір заңды таңдап, оны хабарлы, бұйрықты, сұраулы және лепті сөйлем түрлеріне айналдырып жазады. Келесі тапсырмада заңнамалық құжаттың фрагменттері ұсынылады. Ондағы түсіп қалған сөздерді анықтап, мағынаға сай дұрыс орналастыру тапсырмасы орындалады.

9-сурет. Genially платформасындағы тапсырма үлгісі

Тиімділігі: Бұл тапсырма оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытып, құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Оқушылар заңнамалық мәтіндермен жұмыс істеу барысында құқықтық терминдер мен ұғымдарды түсініп, оларды тілдік құрылымдар арқылы меңгереді. Сөйлем түрлеріне талдау жасау арқылы синтаксистік білімдері тереңдеп, құқықтық ақпаратты логикалық, тілдік тұрғыдан қайта құрылымдауға дағдыланады. Сонымен қатар, өз құқықтарын нақты заңмен байланыстыра отырып тануға мүмкіндік алады.

Нәтижесі: Оқушылар заңнамалық құжаттардан нақты құқық түрін таңдап, оны әртүрлі сөйлем түрлерінде құрастырып, синтаксистік білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Түсіп қалған сөздерді орнына қойып, мәтіннің мазмұнын қалпына келтіру арқылы заңнамалық тілмен жұмыс дағдылары артады. Тапсырма нәтижесінде оқушылар өз құқықтарын, міндеттерін білуге ұмтылады және құқықтық сауатты, тілдік тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптасады.

5 бөлім. Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис

Шарты: Мәтіннің айтылу мақсатын анықтау. Мәтін құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыру. Театр

өнерінің өткені жайлы ақпарат ала отырып, бүгінгі театр мен болашақ театр жайлы болжам жасау.

Тиімділігі: Тапсырма оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға бағытталған. Оқушылар тарихи-көркем мәтінді талдау арқылы кәсіби терминдер мен лексика-грамматикалық құрылымдардың мәнін меңгереді. Театр өнерінің кезеңдік даму ерекшеліктерін саралау арқылы сыни ойлау, салыстыру, болжау дағдылары қалыптасады. Болашаққа қатысты креативті болжам жасау – шығармашылық қабілетті дамытып, тілдік бірліктерді коммуникативтік мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.

Нәтижесі: Оқушылар театр өнеріне қатысты кәсіби сөздер мен терминдердің мазмұнын түсініп, оларды тарихи және болашақ контексте орынды қолдана алады. Театрдың өткен мен қазіргісін салыстырып, болашағына қатысты пікір айту арқылы мәтіндік және мазмұндық талдау жасау біліктілігі артады. Бұл тапсырма оқушының тілдік сауаттылығын арттырып қана қоймай, пәнге деген қызығушылығын, функционалдық және оқу-танымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

1. Құрметті оқырман, адамзат тарихымен қоса жасасып келе жатқан театрдың қайнар көзі, шынында да, ежелгі замандағы аңшылық пен ауылшаруашылық ойын-сауықтарына, халық мерекелері мен салт-жораларына саяды. О, қандай қызық! Осы негізде пайда болған алғашқы трагедиялық және комедиялық сипаттағы дәстүрлі ойын-сауықтар мазмұнынан, өкінішке орай, драмалық тартыстар мен сюжеттердің нышандары, сондай-ақ хор әндері, билер, диалогтар, киім киіп, сән-салтанат құру, маскамен бет әлпетін өзгерту бой көрсетті.

Айтпақшы, ойын-сауық әрекетінің діни-сиқырлық негізден бірте-бірте арылып бөлінуі, қаһарманның хор тобынан алдыңғы қатарға шығуы және көпшілік мейрамдарын арнайы ұйымдастырылған ойын-сауыққа айналдыру әдеби драмалардың тууына қолайлы жағдай жасады. Қараңызшы, актерлер мен көрермендер жіктеліп бөлініп, театрдың аса маңызды қоғамдық қызметін айқындай түсті. Бұл процесс, әрине, еуропалық театр өнерінен ерекше құбылыс жасаған Ежелгі Грекия театрында айқын көрініс тапты.

Мәтін бойынша төмендегі кестені толықтыр. Театр өнерінің өткені жайлы ақпарат ала отырып, бүгінгі театр мен болашақ театр жайлы болжамдарыңды ұсыныңдар


Кесте 6 – Тапсырма бойынша оқушылардың болжамды жасау үлгісі

Мәтіндегі оқшау сөздер немесе жаңа ұғымдар	Ертедегі театр	Бүгінгі театр	Болашақ театр
мыс: хор, сиқыр айтпақшы	Театрдың бастауы діни-сиқырлық ойын-салттармен байланысты болған.	Қойылымдарда техникалық құралдар (жарық, дыбыс, эффект) көп	Актерлердің орнына голограммалар немесе жасанды интеллект рөл

Тапсырма: «Мен – редактормын»

Платформа: miro.com

Шарты: «Мен – редактормын» тапсырмасы оқушылардың тыңдалым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған. Алдымен оқушылар ұсынылған бейнематериалды көреді. Видеодағы ақпаратты тыңдап, ондағы мазмұнды өз сөзімен қайта құрып жазуы қажет. Яғни, оқушылар видеоның негізгі идеясын, маңызды деректерін, стилі мен мазмұнын сақтай отырып, оны сауатты, құрылымды мәтінге айналдырады.



10-сурет. Miro платформасындағы тапсырма үлгісі

Тиімділігі: Тапсырма оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін, тыңдалым мен жазылым дағдыларын, сондай-ақ редакторлық машықтарын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар видео мазмұнын құрылымдап, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) мен құрылысына (жақты, жақсыз, жалаң, жайылма т.б.) сай орынды қолдануға дағдыланады. Бұл грамматикалық білімді практикалық жағдаятта қолдануға, яғни нақты коммуникативтік мақсатта меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушының стилистикалық сауаттылығы, мәтін түзудегі логикалық және тілдік дәлдігі артады. Бұл тапсырма Miro платформасында орындалады, сол себепті оны онлайн/офлайн форматта, жеке немесе топпен ұйымдастыруға, үй тапсырмасы ретінде ұсынуға болады.

Нәтиже: оқушылар бейнематериал мазмұнын құрылымдап, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану арқылы мәтінді сауатты түзуді үйренеді. Тыңдалған ақпаратты өңдеп, тілдік нормаларға сәйкестендіріп жазу дағдысы қалыптасады. Бұл олардың грамматикалық білімін практикада тиімді пайдалануға, редакторлық машықтарын дамытуға, пәнге деген қызығушылығы мен оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді

2.3 Оқу-танымдық құзіреттілікті арттыруға бағытталған эксперименттер нәтижесі

Өзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігін анықтау мақсатында 2024-2025 оқу жылының қаңтар – ақпан аралығында Алматы қаласы, Алатау ауданы №82 ЖББ мектебінің 7-8 сынып оқушылары қатысқан практикалық тәжірибе жүргізілді. Экспериментке қатысушы топ ретінде 7 “Ә” және 8 “А” сыныптары, бақылаушы топ ретінде 7 “А” және 8 “Б” таңдалды. Зерттеу жұмысының мақсаты ретінде грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқу-танымдық құзіреттілікті арттыруға бағытталған тапсырмалар құрастыру, әдістемесін ұсыну бағыты қарастырылғандықтан, осы мақсатқа жету барысы оқушылардың бастапқы білім деңгейінен эксперимент соңы және осы аралықтағы жүргізілген жұмыстар төменде сандық-сапалық көрсеткіштер бойынша ұсынылады.

Педагогикалық эксперимент үш кезеңнен тұрды:

1. Диагностикалық кезең

Бұл кезеңде оқушылардың грамматикалық білім деңгейі мен оқу-танымдық құзыреттілігі анықталды. Аталған сынып оқушыларынан эксперименттің алғашқы аптасында білім беру мазмұнына сәйкес грамматикалық тақырыптар бойынша және қосымша танымдық құзыреттілігін анықтау мақсатында тест-сауалнама алынды. Зерттеу жұмысына қатысушы және бақылау топтарына бірдей сауалнама сұрақтары ұсынылды. Бұл жұмыс экспериментке қатысушылардың бастапқы (диагностикалық) деңгейін айқындауға және оқушыларға қиындық тудыратын грамматикалық тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте-3. Экспериментке дейінгі жалпы сұрақ нәтижесі.

Сұрақ	Топ	Оқушы саны	білемін	білмедім	есіме түсіре алмадым
«Айы оңынан туды» тіркесінің мағынасын білесің бе?	Қатысушы	26 оқушы	17	7	3
	Бақылаушы	20 оқушы	9	6	5

Тақырып	Көрсеткіш	
1. Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	Бақылау тобы	24
	Эксперименталды топ	
3. Денсаулық – зор байлық. Лексика. 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану		
4. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану		


5. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану	
9. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	

2. Іс-әрекеттік-байланыстырушы кезең

Бұл кезеңде оқушылардың ерік-жігері, оқу белсенділігі, танымдық ынтасы, білімді меңгеру жылдамдығы мен тереңдігі анықталды. Оқушылар өздігінен оқу, ақпаратты талдау, жүйелеу, мақсат қою және өзіндік әрекетті ұйымдастыру бойынша тапсырмалар орындады. Практикалық және зерттеушілік сипаттағы жаттығулар, дискуссиялар мен жобалық жұмыстар арқылы білім алу әрекеті күшейтілді. Бұл кезеңде оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттестігі, кері байланыс және дербес бақылау тетіктері жүйелі жүргізілді.

Тәжірибенің жүргізілу барысын реттілік бойынша 7-сынып оқушыларының көрсеткіштерінен ұсынылады. Тест сұрақтарының нәтижесінде қазақ тілі пәнінен 7-сыныптың білім беру мазмұны бойынша оқушыларға қиындық тудыратын тақырыптың бірі ретінде мақал-мәтел және фразеологизмдер тарауы анықталды. Аталған тақырып бойынша бақылау тобы ...%, эксперименталды топ ...% көрсетті, сәйкесінше тақырыпты сапалы меңгермеген топпен жұмыс жасалды. Оқушыларға тақырып бойынша бірнеше деңгейлі тапсырмалар ұсынылды.

1-тапсырма. Wordwall платформасы арқылы тақырып бойынша сәйкестендіру тапсырмасын орындау.



Берілген тапсырма шарты негізінде оқушылар Wordwall платформасы арқылы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді сәйкестендіру ұсынылады. Экранда бірнеше сөз тіркестері мен сөйлемдер берілген, оларды мағынасына қарай екі санатқа – фразеологизмдер және мақал-мәтелдерге дұрыс орналастыру қажет. Мұндай формат оқу процесіне қызығушылық тудырып, бастапқы түсінік қалыптастыруға көмектескенімен, оқушының мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді нақты қолдану дағдысын дамытпайды. Сұрақтың жабық сипатта болуы, жауапты кездейсоқ таңдау мүмкіндігі және оқушылардың эмоционалдық ерекшеліктерді функционалды деңгейде

пайымдай алмауы бұл тапсырманың тиімділігін төмендетті. Сондықтан бұл тапсырма білімді бекіту мақсатында жеткіліксіз деп танылып, нақты нәтижеге бағытталған келесі деңгейлі тапсырма ұсынылды.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар.

Адамзаттың ... күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ. Табиғат – ... байлығы, батырлар – ... байлығы. Жауынмен ... көгереді, батамен ... көгереді. Қыстағы қар – ... ырыс, жердегі ылғал – ... ырыс. Таулы жер ... болмас, сулы жер ... болмас.

Бұл тапсырмада табиғат тақырыбына қатысты мақал-мәтелдердің мазмұнын еске түсіріп, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазу ұсынылады. Дәстүрлі тест форматына жақын бұл жаттығу оқушылардан тек есте сақтау мен танымдық репродуктивті дағдыларды талап етеді. Яғни, тапсырма оқушылардың бұрын меңгерген білімін тексеруге бағытталғанымен, олардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін немесе тілдік қолданыс машығын дамытуға жеткілікті түрде ықпал ете алмайды. Мұндай жаттығулар көбіне оқушының тілдік білімін механикалық түрде қайталауға алып келеді және пәндік материалды терең ұғынуға емес, тек дұрыс жауабын табуға бағдарланған. Сондықтан бұл тапсырма оқу материалының мазмұнын пысықтауда ішінара пайдалы болғанымен, оқушылардың тілдік-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда, әсіресе фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшелігін тану тұрғысынан алғанда, берілген тапсырма нәтижесінде тақырыпты түсінушілер санында айтарлықтай өзгеріс анықталған жоқ. Осы себепті келесі кезеңде мен анағұрлым нәтижелі, мағыналық байланыс орнатуға негізделген тапсырма ұсынылды.

3-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнына сай мақал-мәтелдерді анықта. Мәтінде көтерілген мәселелерге қатысты мақалдарды қатыстырып, өз ойыңды жаз.

<i>Ой түйіндеуге қатысты мәтіндер</i>	<i>Алынған жауаптар:</i>
<i>Мәтін 1</i>	<i>1-оқушының жауабы:</i>
<i>Бекежан ояғанда жылы төсектің қимылы. Тұруға ерініп, көзін бір ашып, бір жұмып, ұйқылы – ояу мазмұқырып жата берді. Бір сәт көзін ашып, бір нәрсеге ойланған болып еді, көзі өзін-өзі жұмыла берді.</i>	<ol style="list-style-type: none"> <i>1. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.</i> <i>2. Шалқақ озар, Жатқан қалар.</i> <i>3. Жалқаулық аздырады, Еңбек оздырады.</i> <i>4. Ерінбегеннің еңбегі оңады, Еңбегі оныңның үйіне ырысы кіреді.</i> <i>5. Еңбек мұратқа жеткізер, Жалқаулық абыройсыз кеткізер.</i> <i>6. Бала күлкіге тоймас, Жаман ұйқыға тоймас.</i>
<i>Мәтін 2</i>	<i>Алынған жауаптар:</i>

<p><i>Ойбайлап жылап жатқан баланың көріп шешесі есінен танып қала жаздады. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: – Аяғын ауырмай ма, қабағын шытпайсың, – деп сұрады.</i></p> <p><i>Сейіт шетке шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: – Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдеген үстіне шыдап жатырмай, – деді.</i></p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Баланың жақсысы – сүйініш, Жаманы – күйініш. 2. Ана сүтін ақтамағанды, Ешкім мақтамайды. 3. Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, Қарызыңнан құтыла алмайсың. 4. Балан жақсы болса, жердің үсті жақсы. Балан жаман болса, жердің асты жақсы. 5. Үлкенге құрмет, Балаға міндет. 6. Сабыр түбі – сары алтын.
---	--

Мәтін

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері көптеген жақсы өзгерістер болып жатыр. үлкен мақсаттардың бірі – әлемдегі дамыған елу елдің қатарына ену. Халқымыз «Ерінбесең еңбегің өнеді», «Еңбек мұратқа жеткізеді» деп бекер айтпаған. Қоғамымыздың дамуына әр адам өз үлесін қосу керек. Ол үшін біз – жастар, білімді, еңбекқор, батыл болуымыз қажет. «Ерлік білектен емес, жүректен» дейді дана халқымыз. «Тәуекелдің нары күшті» деген сөз осыны дәлелдейді.

Ұсынылған тапсырма оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдысын тереңдетіп, олардың ойлау, пайымдау, салыстыру қабілетін дамытатын өте тиімді әдіс болып табылады. Мұнда оқушылар нақты жағдаятқа құрылған көркем мәтінді оқып, соған сәйкес келетін мақал-мәтелді таңдау арқылы тек мәтінді түсініп қана қоймай, соның астарындағы ойды, тәрбиелік мәнін, ұлттық дүниетанымды да меңгереді. Әсіресе бұл тапсырма бала санасында мақал-мәтелдің өмірмен байланысын, оның шынайы жағдайлардағы қолдану мүмкіндігін нақты көрсетіп, танымдық белсенділікті арттырады. Алдыңғы қолданылған сәйкестендіру немесе бос орынға тиісті сөзді қою сияқты стандартты жаттығулармен салыстырғанда, бұл тапсырма оқушыны тереңірек ойлануға, логикалық және моральдық байланыс орнатуға итермелейді. Балалар мақал-мәтелдің мағынасын механикалық емес, нақты жағдаят арқылы түсініп, оны әрі қарай өз тәжірибесінде қолдануға үйренеді. Осы арқылы тілдік құзыреттілігімен қатар, этномәдени құндылықтарды қабылдау қабілеті де қалыптасады. Сонымен қатар бұл тәсіл баланың эмоционалдық және әлеуметтік интеллектісін де дамытып, мәтінді сын тұрғысынан сараптауға, оның мазмұнын өмірлік қағидалармен ұштастыруға жол ашады. Сондықтан бұл тапсырма түрі оқушылардың тілдік, танымдық және рухани-адамгершілік дамуына кешенді әсер етеді және дәстүрлі тапсырмалармен салыстырғанда анағұрлым тиімді нәтиже береді.

Көрсеткіш	Бақылау тобы (дәстүрлі әдіс)	Эксперимент тобы
Мәтінді түсіну (дұрыс жауап %)	68%	85%
Мақалдың мағынасын түсіну	54%	90%
Тапсырманы қызығушылықпен орындау	60%	92%
Жалпы орташа ұпай (10 баллдық шкала)	6.4	8.9

Ендігі кезекте 8-сынып оқушыларының тәжірибе жүргізу барысындағы көрсеткіштері ұсынылады. Бастапқы білім деңгейін анықтау тест сұрақтарының нәтижесінде қазақ тілі пәнінен 8-сыныптың білім беру мазмұны бойынша оқушыларға қиындық тудыратын тақырыптың бірі ретінде – жай сөйлемдерді мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану тарауы анықталды. Оқушыларға тақырып бойынша бірнеше деңгейлі тапсырмалар ұсынылды.

Тақырып	Көрсеткіш	
1. Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екіпіннің мәнін түсініп қолдану	Бақылау тобы	2
	Эксперименталды топ	
3. Денсаулық – зор байлық. Лексика. 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану		
4. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану		
5. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану		
9. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу		

1-тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар. «Қабуснама» еңбегінің авторын анықтап, мәтіндегі ойды тұжырымдаңдар.

Ей, перзентім, тамақтан аш қалсаң да, ақыл-парасатқа тоқ бол. Адамдарға деректілік жасама. Ойнылы-тойыншы сөйлеуден сақтан, тіліңді тыйып ұста. Сонда ғана сен әр қылы қырысқтардан аулақ боласың. Адамдар бойыңда жоқ қасиеттерді сенде бар деп мақтаса, ондай мақтауға сеніп, мардымсыма. Ей, перзентім, шынайы ілімге ынтық бол. Өз айтқаныңнан қайтпайтын тоңмойын болма, өзгелердің айтқанына мән бер, құлақ сал. («Қабуснамадан»)

Берілген тапсырма оқушылардың синтаксистік талдау жасау және мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдау дағдысын қалыптастыруды мақсат етеді.


Дегенмен, ол негізінен теориялық білімге сүйеніп орындалатындықтан, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда және білімді практикалық тұрғыдан бекітуде шектеулі нәтиже береді. Осыған байланысты келесі кезеңде оқушының тақырыпты меңгеру деңгейін артыруға бағытталған тапсырма ұсынылды.

2-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнына назар аударыңдар. Осы мәтінге байланысты қандай ой түйгендеріңе байланысты мақал-мәтелдермен тұжырымдаңдар.

Мәтін	Алынған жауаптар:
<p><i>Мырзалығымен, жомарттығымен еліне ерекше сүйкімді болған Атымтай өмірден өткеннен кейін ел-жұрт оның жақсылығын жыр қылып айтып жүріпті. Содан Атымтайдың туған ағасы інісінің ісін жалғастырмақ болып, жарлы-жақыбайға өзінің мал-мүлкін, дүниесін түгел үлестіре бастаған. Бірақ шамалы уақыттан кейін-ақ ағасы тақыр кедей болып қалыпты. Содан ол анасына келіп:</i></p> <p><i>– Бұл қалай? Атымтай қаншама жомарттық жасаса да кедейленген жоқ, керісінше байлығымен үстіге байлық қосылды. Оның істегенін мен де істедім. Бірақ неге бәрі керісінше шықты? – деп сұрапты. Сонда анасы басын шайқап:</i></p> <p><i>– Балам, жомарттық адамның жаратылысынан болады емес пе? Баяғыда сәби күнінде әуелі басқа баланы сүтпен тойдырмасам, Атымтай ембей жылайтын. Ал сен кеудемнің бір жағынан еміп, ал екінші жағын қолыңмен басып жататынсың, – деген екен... (Ел аузынан)</i></p>	<p><i>Мен мәтін мазмұнына сай мынандай мақал-мәтелдермен ойымды түйіндеймін: «Қолы ашықтың – жолы ашық», «Жамандықты көп қуған, бір бәлеге жолығар. Жақсылықты көп қуған, Бақ-дәулетке молығар», «Мейірімділік – жүректен, Мейірімсіздік – білектен». Ал ағасының әрекетіне «Ақылды арын қорғайды, Сараң малын қорғайды», «Сараң асын бермейді, Көзінің жасын береді» деген мақалдарды айтуға болады.»</i></p> <p><i>Мәтінді оқи отырып, Атымтайдың өте жомарт адам болғанын білдім. Ал ағасы сараңдау адам болған. Мен мәтін мазмұнына сай мынандай мақал-мәтелдермен ойымды түйіндеймін: «Алаған қолым береген», «Әркімнің өзі шығар биігі бар», «Жақсы – арына құл, Жаман – малына құл»</i></p>
	<p><i>Осы мәтіннің мазмұнына қарап Атымтайдың жомарттығына байланысты мынандай мақалдарды пайдалануға болады: «Көрнекі іс көмілмейді», «Адам болып туған соң, Адам болып өлу ләзім» деп Атымтай ісіне ризашылығымды білдірем. Ал ағасының ісіне «Кісіні кейде жарлылық сынайды, кейде баршылық сынайды», «Жақсылық арман асырады, Жамандық құлқын тоздырады» деген келеді.»</i></p>

Ұсынылған тапсырмалар кешені оқушының тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытуға бағытталған және бұрын қолданылып келген дәстүрлі тапсырмалар түрлері – сәйкестендіру, бос орынға сөз қою секілді механикалық

жаттығулармен салыстырғанда анағұрлым тиімді. Бұл тапсырмалар баланың ойлау қабілетін, мәтінмен жұмыс істеу дағдысын, сөйлем құрылымын талдау мен оны өз ойын білдіру құралы ретінде пайдалануды терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Әсіресе, жай сөйлемнің құрылымы мен түрлерін нақты мәтін арқылы анықтап, оларды өз бетімен құрастыру оқушының синтаксистік білімін практикалық деңгейде бекітуіне жол ашады. Мәтінмен жұмыс жасау, сөйлем түрлерін ажырату, мақал-мәтелдерді мағынасына сай қолдану секілді әрекеттер баланың тек тілдік емес, логикалық ойлау, салыстыру, тұжырым жасау, өзіндік пікір айту сияқты жоғары танымдық қабілеттерін дамытады.



3. Қорытынды кезең

Эксперимент соңында бастапқыда қолданылған тест және сауалнама қайта алынып, эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданды. Нәтижесінде, эксперименттік топ оқушыларының оқу-танымдық құзыреттілігінде айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Атап айтқанда, грамматикалық білім деңгейі жоғарылап, тапсырмаларды орындау уақыты қысқарды, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты, өз ойын жазбаша және ауызша жеткізу дағдылары артқаны байқалды. Ұсынылған үлгідегі тапсырмалар жүйесі арқылы оқушы оқу-таным белсенділігін едәуір арттыруға және оқытудың сапасын нақты әрі пәрменді түрде көтеруге ықпал етті. Нәтижесінде

Жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижесінде 7–8 сынып оқушыларының сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпін секілді күрделі грамматикалық-тыңдалым дағдыларын игеру деңгейі нақты өлшеніп, тиімді әдістер арқылы жүйелі түрде арттырылды. Эксперимент басында (А нүктесінде) оқушылардың көбісі грамматикалық терминдерді тек теориялық деңгейде танып, практикалық қолдануда қиналды, әсіресе мағыналық екпін мен кідірісті сөйлеу барысында мақсатқа сай қолдану деңгейі төмен болды. Бастапқыда пайдаланылған дәстүрлі жаттығулар мен тест сұрақтары оқушылардың нақты дағдысын қалыптастыруда жеткіліксіз екені байқалды.

Бұл тапсырмалар оқушылардың тек грамматикалық білімін емес, коммуникативтік құзыреттілігін, эмоциялық интонациялық икемін, ауызша сөйлеу сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Эксперимент соңында (Б нүктесінде) оқушылар грамматикалық құралдарды сөйлеу мақсатына сай қолданып, логикалық екпінді орынды қоя алу, мәтін ішіндегі кідіріс арқылы ойды дәл жеткізу, тыңдаушы назарын аудару сияқты дағдыларды еркін меңгергені байқалды. Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу еркіндігі, тілдік интуициясы және грамматикалық материалға деген қызығушылығы едәуір өсті. Ұсынылған әдістемелік жүйе арқылы 7–8 сынып оқушыларының грамматикалық тақырыптарды игеруі мен оны сөйлеуде қолдану қабілеті сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілді. Бұл авторлық тапсырмалар жүйесі дәстүрлі жаттығулармен салыстырғанда анағұрлым тиімді екендігін эксперимент нәтижесі дәлелдеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу-танымдық құзыреттілікті дамыту маңыздылығы қазіргі таңда әлемде адамның өмір бойғы өзін-өзін дамыту және білім алу тенденциясы үлкен сұранысқа ие. Әсіресе Батыс және Европа мемлекеттерінде орта жастағы немесе зейнетке шыққан азаматтардың жаңа кәсіп не білімді игеруге деген талпынысы, оқу орындарында жас студенттермен қатар «тәжірибелі» орта жастағы студенттердің де өз орындарын табуы қалыпты үрдіске айналған. Бұл қуантарлық жағдай, дегенмен тұлға бойындағы білімге деген мұндай сарқылмас талпыныс пен құштарлықты ояту – өскелең ұрпақ бойында мектеп қабырғасында қалыптасып, одан кейінгі саты – жоғарғы оқу орындарында дамиды. Дәл осы қабілетті дамытудың жолдарын қарастыру бүгінгі таңда өте өзекті. Себебі, ХХІ ғасыр шексіз ақпараттың ғасыры. Қандай істі не білімді меңгергіңіз келсе де, ғаламтор жүйесінде барлық мәлімет қолжетімді. Дегенмен, ол ақпараттың қажетін алып, іріктеу және жинақталған мәлімет қорын ұтымды пайдалана білу – белгілі құзырлық деңгейін талап етеді.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде оқу-танымдық құзыреттілік ұғымы мен оны дамыту жолдары мәселесі қарастырылды. Құзыреттілікке бағдарлай оқытудың заманауи білім стандарттарына енуі және оның баланың психологиялық әрекетінде қалай көрініс табатындығы бірінші бөлімнің бірінші тараушасында қарастырылды. Адамның физиологиялық қабылдау каналы мен типтері, адам ақылы, есі, қиялының білім алу үдерісінде қандай қызмет атқаратындығы педагогикалық әрі психологиялық көзқарас тұрғысынан ұштастырыла қарастырылды. Бөлімнің екінші тараушасы 7-8 сыныптарда қазақ тілі пәнін жүргізу аясындағы пәндік білім беру мазмұны, оның ерекшеліктері мен ұсыныстар қарастырылды. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынып отырған 7-8 сыныптарда қазақ тілі пәні бойынша әр сыныптан бес тақырып іріктеліп алынды. Тандалған тақырыптарда меңгерілуге тиіс деп танылған грамматикалық мәселелер, оның ішінде 7-сыныпта морфология, 8-сыныпта синтаксис саласы бойынша сабақтағы жаттығулар мен жұмыс жасау бағыттары қарастырылды. Қазақ тілін осы бағыт бойынша оқыту талаптары анықталды. Грамматикалық материалдарды меңгертудегі оқу-танымдық құзыреттілікті арттыру дидактикасы бөлімнің үшінші тараушасында зерделенді. Қазақ тілі әдістемесі мен жалпы педагогикалық дидактика бойынша осы кезеңге дейін іргеленіп, қолданылып жүрген әдістемелік және дидактикалық әдістер, технологиялар қарастырылып, қазақ тілі сабақтарының өнімін арттыруға, әсіресе оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруға жағдай жасалатын дидактикалық тапсырмалар мен әдістер сараланды.

Зерттеу жұмысының екінші бөлімі оқу-танымдық құзыреттілікті арттырудың практикасын қарастырады. Бөлімнің бірінші тараушасы педагогикадағы отандық және әлемдік іргелі білім беру ұстанымдарын зерделей отырып, оның ішінде аталған құзыреттілік түрін дамытуға ең тиімді деп танылған түрлері сараланды. Оның ішінде Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Б.Құлмағанбетова, Ы.Маманов, Н.Оралбаева,

К.Жақсылықова, Ә.Исабаев, Ф.Оразбаева, Н.Құрманова, А.Жапбаров сынды ғалымдардың қазақ тілін оқытудағы ұстанымдары салыстыра қарастырылып, ерекшеліктері анықталды. Практикалық бөлім бойынша оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруда ең тиімді деген ұстанымдар сараланды. Бөлімнің екінші тараушасы практикалық тапсырмаларға арналды. Онда 7-8 сынып қазақ тілі пәні бойынша оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруға ең тиімді деп танылған әр сынып бойынша бес тақырыпқа негізделген тапсырмалардың үлгілері ұсынылды. Тапсырмалар орындалатын платформалар, олардың шарты, тиімділігі мен нәтижесі оқушылармен жұмыс барысында анықталған белгілері бойынша айқындалды. Бөлімнің соңғы тарауы мектеп оқушыларына, атап айтқанда 7-8 сыныптарға мектеп қабырғасында жасалған зерттеу экспериментінің нәтижесі ұсынылды. Онда сандық көрсеткіштер сапалық көрсеткіштерге айналдырылып, грамматикалық материалдарды меңгерту арқылы оқушылардың оқу-танымын арттыруға бағытталған әдістеменің нәтижелері сандық-сапалық тұрғыдан ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Половникова Н.А, Система воспитания познавательных сил школьников. – Казан. гос. пед. ин-т. – Казань: КГПИ, 1976. – 101 с.
3. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань, 1972. – 365 с
4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық әсерлеріне жауаптар. Монография / Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б
5. Жанابیлова А. Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы.: пед. ғыл.канд.дисс.
6. Мұқанов М. Қабілеттілік және оны тәрбиелеу. - Алматы, 1960. - 60 б.
7. Психология. 2-том, Алматы, 2017
8. Абай. Қара сөз. – Алматы: “Көшпенділер” баспасы, 2011–184 бет
9. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. 312 б.
10. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. - М.: Педагогика, 1989.-286 с.
11. Мұқанов М. Ақыл – ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1980
12. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энциклопедия, 1989. – 814 с.
13. Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Перемена.– 2004. –№3. – С.18-21.
14. Клустер Д. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? / Ауд. Мирсеитова С. – Алматы: Издатмаркет, 2004. – 261 б.
15. Тэмпл Ч., Мередит К, Стилл Д. Пособие по проекту критическое мышление. - Алматы, 1997. -156 с.
16. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993. - 112 б.
17. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация / Равен Дж.. — Москва : Когито-Центр, 2002. — 396 с.
18. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. - 116 с.афтореф. - Алматы, 2005. - 30 б.
19. Тұрғынбаева Б. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту. - Алматы, 2003 - 152 б.

20. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
21. Выготский Л.С. Избранные психологические труды. - Москва: Педагогика, 1991. - 480 с
22. Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. Изд-во Ленингр. ун-та, 1970.
23. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2008. – 160 б.
24. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша
25. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты. – Астана, 2022 жылғы "3" тамыздағы № 348 бұйрығына 7-қосымша
26. Қалиев Ғ., Исаев С., Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Бағдарламалар. Қазақ тілі. 5-7- сыныптар. Алматы, 2003
27. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1999. – 560 б.
28. Шадиева Н.Х. Қазақ мектебінің 5- сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту әдістемесі. Пед.ғыл. канд. дисс. Авторефераты, Алматы, 2003
29. Ерхожина Ш.Л. Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту әдістемесі: Монография. – Алматы: ЖК «Балауса». – 2018. – 232 б.
30. Садирова К. Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі // Қазақ тілін қазіргі заманға сай жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту семинары бойынша материалдар. - Ақтөбе, 2002. - Б. 75.
31. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. - Орынбор: КазМембас, 1924. - 25 б.
32. Баулу мектебі. Жаңа мектеп. – 1925, №1
33. Оразахынова Н. Жалпы білім беретін мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2007.
34. Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2007. - 184 б.
35. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Жинақ. – Алматы, 1992. – 446 б.
36. Арғынов Х. Қ. Жай сөйлем синтаксисінің методикасы: мұғ. мен жоғарғы оқу орынд. филол. фак. студенттеріне арн. көмекші құрал - Алматы : Мектеп, 1967. - 112 б.
37. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 184 б.

38. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы: АлМУ, 1994. - 434 б.
39. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология учебно-воспитательного процесса. – Усть-Каменогорск, 1992. -182 с.
40. Арғынов Х. Құрмалас сөйлем синтаксисінің методикасы. –Алматы: Мектеп, 1939.- 86 б.
41. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
42. Оразбаева Ф, Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Анарыс, 2006. -170 б.
43. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965
44. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1988
45. Жиенбаев С. Қазақ тілі методикасы. Алматы, 1941
46. А.Әбілқаев, З.Бейсенбайқызы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу-құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2014. -180 б.
47. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика.– Алматы. 2018, - 357 бет.
48. Шамова Т.И. Избранное. - М.: Центральное издательство, 2004. - 320 с.
49. Е.С. Рапацевич, Современный словарь по педагогике/ -Мн.: «Современное слово», 2001. - 928 с.
50. Қойлық Н.О., Сардарова Ж.И. Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі. – Алматы, 2019.
51. Бөгенбаева.Ә.Б. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып). (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2023
52. Наркұлова Б. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі. - Алматы, 2006.
53. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. М., 1989. С. - 198.
54. Эльконин Д.Б. Психология игры. М.,1978. С. - 258.
55. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті. 2016. - 376 б
56. Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. М. Жармұхамедов. - Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
57. Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 144 б.
58. Ы.Маманов. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту. Алматы, Мектеп, 1977-72 б.

59. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, Ана тілі, 2000. - 272 б.
60. Балтабаева Ж. Студенттер тілін дамыту әдістемесі. - Алматы: Инжу-Маржан, 2008. - 190 б.
61. Исабаев О. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. - Алматы: Қазақ унив, 1993. - 159 б.
62. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2005. – 272 б.
63. Svetlana P. Palamar , Liudmyla A. Nazarenko. Formation of educational and cognitive competency of junior specialists in the process of self-educational activity: experiential aspect. Wiadomości Lekarskie, December 2020
64. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері.: пед. был. ... докт. дис. - Алматы, 2004.
65. Жанпейсова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
66. Воровщиков С. Г и др. Развитие учебно-познавательной компетентности учащихся: опыт проектирования внутришкольной системы учебно-методического и управленческого сопровождения. 2010. 402 с.
67. Жұмақаева Б.Д. Мұғалімнің кәсіби бағдары: оқу құралы – Алматы: ИП «Балауса». –2018. –176 б.
68. Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы: КазКызМемПИ, 2005
69. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 1989. - 554 с.
70. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдістемелік негіздері (5-9 сыныптар). - Алматы, 2003. - 376 б.
71. Қосымова Г, Құрманова Н. Қазақ тілі әдістемелік нұсқау. - Алматы: Мектеп, 2004. - 94 б.
72. Давыдов В.В. Проблема развивающего обучения. - Москва, 1986.
73. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избр.пед.соч. – М., 1955. – 358 с.
74. Выготский Л.С. Психология. – М., Апрель-пресс, 2000.

ҚОСЫМШАЛАР

Диссертация өнімі

Жасалған әдістеменің электронды нұсқасы диссертациялық жұмыс өнімі ретінде онлайн кітапшаға (флипбук) жүктелді. Кітапша төмендегі сілтеме немесе QR код арқылы іске қосылады.



Кесте 7 – Практикалық бөлімде ұсынылған тапсырмалардың сілтемесі

7-сынып	8-сынып
<p>2 бөлім. Денсаулық – зор байлық. Лексика. https://www.bookwidgets.com/play/8j_hsGcQ-iQAE-cvX8gAAA/TEKGNT8/densaulyk-zor?teacher_id=5522904750489600</p>	<p>1 бөлім. Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография https://view.genially.com/682244acd6bc80cafe55e/interactive-content-kne-trki-zhazbalary-zhne-aza-zhazuy</p>
<p>3 бөлім. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология. https://tools.fobizz.com/worksheet/worksheets/603c7760-dab0-4352-be0f-120d6146726f/public_worksheet_responses/new?to_ken=262cfe71d551f593c47f1db95689550f</p>	<p>2 бөлім. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика https://view.genially.com/6823018203718ab5d25a4b48/interactive-content-ksip-pen-ebek</p>
<p>4 бөлім. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. https://tome.app/kazakhstan-2de/muzyka-oeneri-zhaene-khazakhtyng-kieli-dombyrasy-clj1ttkj72m5to33d0ht16lix</p>	<p>3 бөлім. Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис https://padlet.com/symbatbsb/padlet-vixjddw73rx3fuyx</p>
	<p>4 бөлім. Жасөспірім және заң. Синтаксис https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345 https://view.genially.com/68225e80ad745b1966e815dc/presentation-zhasspirim-zhne-za 5 бөлім. Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис https://miro.com/app/board/uxjvi2lppgo=?share_link_id=780505178084</p>